

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина


Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Апта тақырыбы: «Менің балабақшам»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 02.09.2021ж
	«Балдаурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	«Түстерге сәйкес топтастыр» ойыны ойнатылды.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Менің тобымдағы шарлар» Мақсаты: Дөңгелек және сопақша пішіндерді ажырата отырып, қарандашпен дәстүрлі сурет салып, салынған суреттерге ашық түсті бояуларды таңдап бояуға үйрету. Шаттық шеңбер Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз! Күлімдеген күндейміз! Еш уайымды білмейміз. – Балалар, қараңыздаршы біз қандай геометриялық пішін жасап тұрмыз? – Дөңгелек. – Дұрыс айтасыңдар. (дөңгелек) – Айналамызға қарайықшы (қоршаған ортаға). Қалай ойлайсыңдар, дөңгелекке ұқсас не көріп тұрсыңдар? – Балалар жауаптары: доп, күн, шар т.б. – Шарды біз қай уақытта пайдаланамыз? – Ойын кезінде, мереке күндері безендіру үшін пайдаланамыз. – Балалар, мынау шар. Шар резинадан жасалады. Шарға химиялық қоспалар қосып, түрлі-түсті бояулармен бояйды. Шарды үрлесек, созылады, үрілген шардың іші толы ауа болады, шарды қатты қыссақ, қысыммен жарылады, ине тықсақ, қатты тарс етіп жарылады. – Қане, бәріміз ортаға жиналып, ауаға толы шар болып үрлейікші. – Балалар ортаға жиналып, ашылады. – Ең алдымен шардың суретін ауада салайық. – Балалар қайталап, ауада сурет салады. Бой сергіту: «Кім тез үрлейді?» дидактикалық ойын. (Ауада қолдарымен шарды бейнелеп, көздеріне елестете үрлейді) – Балалар тыныс алу жаттығуларын жасайды. Пішіндерін домалақ, сопақ, ұзын, ирек етіп, сурет салады. – Қолымызға қарындашты алып, ең алдымен сол жаққа, қағаздың ортасына, оң жағына шардың суретін салып аламыз, үрілген шарды жіппен байлап, жіптің суретін саламыз, енді шарды толығымен, өзімізге ұнаған бояумен бояймыз. – Иә, балалар сендер бүгін жақсы жұмыс істедіңдер. Әр түрлі шарлар салдыңыздар, қараңыздаршы, айнала түрлі-түсті болып құлпырып кетті. – Балалар салған суреттерін көрмеге іліп, өздері баға береді.
Іс-әрекет түрлері	4К моделі: коммуникативтілік дамыту, командада жұмыс жасау, сыни ойлау; Саралау: түсіндіру, көрсету, қажет болған жағдайда көмек көрсету. Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні: қызығушылықтары, жетелеуші сұрақтар, ашық сұрақтар Ресурстар: Тақырыптық суреттер, сурет салуға қажетті құралдар
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу. Тапсырма: Үйден әдемі етіп шарлардың суретін бояп келуге тапсырма беру.

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
II-апта

Өтпелі тақырып: «Балабақша»
Апта тақырыбы: «Менің достарым»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 09.09.2021ж
	«Балдаурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	«Досыңды суретте» ойыны
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Досымның үйі» Мақсаты: Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қилысуын жүргізе отырып, үйдің суретін салғызу арқылы қызығушылықтарын арттыру. Достыққа, татулыққа тәрбиелеу. Балалар, қане бәріміз шеңберге тұрайық. Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттың баласы, Достығымыз жарасқан. Тату болсын еліміз, Бүтін болсын жеріміз. Бір шаңырақ астына, Жиналайық, келіңіз! (өлеңге сәйкес қимылдар жасайды) - Балалар біздің ұлтымыз қандай? - Қазақ - Біз қай тілде сөйлесеміз? 2. Негізгі бөлім/основная часть: Балалар дөңгелек отырып, көздерін жұмып өз үйін, отбасын көз алдына елестетеді. Көздерін ашып, қандай үйде тұратындықтарын айтады. Әдемі, үлкен үйдің макетін көрсете отырып: Үй адамға не үшін керек? – сауалымен әңгіме жүргізіледі. Дұрыс айтасыңдар. Әр адамның үйі, баспанасы болуы керек. Үйді құрылысшылар салады. Үй салу өте үлкен еңбекпен келеді. Балалар Қазақстан көпұлтты мемлекет болғандықтан, онда үйлер де үлкен болу керек. Мына үй қандай геометриялық пішіндерден құралған? Ойын: «Пішіндерді ажырат» Ойынның шарты: Пішіндерді жерге шашып балалар жинап, алған пішінін және түсін айтады. Балалар ендеше біз бүгін тұрғындары бірлік пен ынтымақта өмір сүретін үлкен үйдің бейнесін салайық және безендірейік. Көрсету және түсіндіру. 1. Үйдің шатырын үшбұрыш етіп салу және өз қалауы бойынша безендіру. 2. Үйдің қабырғасын шаршы пішіні арқылы саламыз, безендіреміз. 3. Үйдің терезесін және есіктерін салу. 4. Өз қалауы бойынша суреттерін толықтыру. Балаларға қарындашпен жұмыс жасаудың қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. - Балалар қарындаштарды ауызға салуға болмайды. - Бір-бірімізге сілтеуге болмайды. Сергіту сәті: Кел, балалар, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Шаңырақты көтеріп, Керегені құрайық. Уықтарша иіліп, Шаңыраққа қосылып, Қазақы үйді құрайық. Жұмысымызды жалғастырайық. Балалардың өзіндік жұмыстары. «Достық мектебі» қимыл-қозғалыс ойыны.

	Шарты: арқанның үстінен достарының атын атап «Достық мектебіне» барады. Көпірден біз өтеміз, Достық мектебіне жетеміз. Көпірден өткін ақырын, Айт, досыңның аты кім? Көпірден түгел өттік біз, Достық мектебіне жеттік біз. Қорытынды -Балалар Қазақстан қандай мемлекет? -Қазақстанда өзге ұлт өкілдері қалай өмір сүріп жатыр? -Балалар үй адамға не үшін керек? -Барлық адамдар ынтымақта, бірлікте өмір сүру үшін қандай үй қажет? -Біз бүгін үйді қалай безендірдік? Балалардың суреттерінен көрме ұйымдастыру. Мадақтау. Күтілетін нәтижелер:Тура сызықтар жүргізе отырып,оларды қажетіне қарай қиылыстыра алады; -Сурет салуға қызығушылық танытады;
Іс-әрекет түрлері	4К моделі: коммуникативтілік дамыту, командада жұмыс жасау, сыни ойлау; Саралау: жігерлендіру, көмек көрсету. Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні: қызығушылықтары, жетелеуші, ашық сұрақтар. Ресурстар:Тақырыпқа қажетті суреттер, сурет салу құралдары(ақ парақ,қарандаш, түрлі-түсті бояулар)
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу.Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру. Жеке жұмыс: қарындашпен ұқыпты жұмыс жасауды үйретуді жалғастыру.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу. Тапсырма:Геометриялық пішіндерді пайдаланып үйдің суретін салып бояуға тапсырма .

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
 III-апта

Өтпелі тақырып: **«Балабақша»**

Апта тақырыбы: **«Менің сүйікті ойыншықтарым»**

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 16.09.2021ж
ҰОҚ дайындық	«Балдаурен» ортаңғы тобы «Жұмбақтар» (ойыншықтарға байланысты)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Мен жақсы көретін ойыншық» (еркін тақырыпта сурет салу) ойыны Мақсаты: Балаларға өздері жақсы көретін ойыншықтарын сипаттап, суретін ақ параққа салғызу. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы: Психологиялық рефлексия: Баяу ырғақты музыка ойнайды. Далада күз болған сон, күн салқын. Соны ескере отырып, жазғы ыстық күнді еске алу мақсатпен балаларға көздерін жұмғызып, жаздың жайдарлы күнің көз алдына елестету. Балалар музыка әуенің тындап, көздерін жауып, бойларына күн көзінің шырайлы шуағын елестетіп, бір көңіл көтеріп алады. - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? - Күз мезгілі Сендер қайда келдіңдер? - Балабақшада не істейсіндер? Балабақшада істейтін істерін айтады Өте жақсы, дұрыс айтасыңдар Ал, айтындаршы сендер немен балабақшада ойнайсындар? конструктор, кубиктер, қуыршақтар. - Сендерге қандай ойыншықтар ұнайды? - Өте жақсы, ойыншықтарды шашып, сындыруға болады ма? - Өздерінің үйде сүйіп ойнайтын ойыншықтарды айтып беріндерші? - Жарайсындар балалар, ойыншықтырды әрдайым жинап қою керек. 2. Негізгі бөлім: Ал енді ойыншықтарды салып көрейікші. Алдымен қарандашты оң қолдарына ұстап, не салатындарын ойланып көріндер. Менің сүйікті ойыншығым доп. Мен допты дөңгелек етіп саламын. Оны қызыл және жасыл түстермен бояймын. - Үстел үстіндегі қарандашты қолдарына ұстап, ауада ойыншықтарын салады. Ашық түстермен бояйды - Балалар мына пернетақтаға назарларыңды аударындаршы, мен сендерге жұмбақ жасырамын сендер шешімін тапқан жағдайда суреттер шығады Жұмбақ: - Шіркіннің өзіне обал-ақ, (доп) Жүреді аяқта домалап. - Аяғы бар, жүрмейді, Аузы бар, күлмейді. (қуыршақ) Айнымайды бөпемнен, Тек сөйлеуді білмейді. - Балалар, доп, қуыршақты бір сөзбен не дейміз? - Ойыншықтар Өте жақсы, балалар. 3. Қорытынды: - Ойыншықтар салу барысында басшылық жасап, балаларға көмек көрсетеді. жеке нұсқаулар береді. Тәрбиеші балалардың жұмыстарына қорытынды жасап, мадақтайды. - Ал, енді кім қанда ойыншық салғандарын айтып беріндерші?

	- Балалар жасаған ойынышықтарын қызық көріп, танымдық білдіреді. Олар жеке өздері жұмыс жасайды. Өздері салған ойынышықтары жайлы айтып береді
Іс-әрекет түрлері	4К моделі: коммуникативтілік дамыту, командада жұмыс жасау, сыни ойлау; Саралау: жігерлендіру, көмек көрсету. Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні: қызығушылықтары, ашық, жетелеуші сұрақтар. Ресурстар: Бояулар, қағаз, көрнекі суреттер, қажет болған жағдайда треффараттар
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру. Жеке жұмыс: Қарандашпен еркін жұмыс істеп әдемі етіп бояуға үйрету.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу. Қарындашты оң қолдарына ұстап әдемі етіп бояуға жаттықтыруға кеңес беру.

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
 ІҮ-апта

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Апта тақырыбы: ««Жиһаздар»»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 23.09.2021ж
	«Балдаурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	Ойын: «Жиһаздарды ретімен орналастыр»
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Топтағы шкаф сөрелері» Мақсаты: «Жиһаздар қалай жасалады?» тақырыбында түсінік беру. Түзу сызықтарды қиылыстыру арқылы шкаф сөресін салуды үйрету. Жиһаздарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбері: Кел балалар күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабақ түйген не керек? Көілді боп жүрейік! Олай болса қуыршақтың үйіне барайық. Қуыршақтың үйіне де келіп қалдық. Балдаларға жиһаздардың макетін жеке –жеке көрсетіп, тұрмыста не үшін қолданылатынын сұрау. Жиһаздарға не жатады? -Енді осы заттарды не үшін керек екендігін айтыңдаршы. Мысалы үстел не үшін керек? -Дұрыс-ақ Ал, мынау не? Орындықты не үшін пайдаланамыз? Орындық неден тұрады? Сергіту сәті: Орынымыздан тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық, Бір отырып, бір тұрып, Қолымызды жасайық Құс боп қанат қағайық -Балалар бір серігіп қалсақ енді орындарымызды ауыстырып, тапсырмаларды орындайық. Ал мынау не? Диван не үшін керек? Осылайша үй жиһаздарының түрлерін, не үшін қажет екендіктерін сұрау. -Орындық, диван, үстел, шкаф, креслоның ұқсастықтары бар ма? Несімен ұқсайды? Бұларды кімдер жасайды? Дұрыс айтасыңдар бұл жиһаздарды ағаш шеберлері жасайды. Жасалу кезеңдеріне тоқталатын болсақ. 1. Өсіп тұрған ағаш. 2. Сүргіленген бөренелер. 3. Тақтайшалар, ағаш үгінділер. 4. Жиһаздың дайын болған кезі. 2. Негізгі бөлім: 3. Қорытынды:

	- Ойыншықтар салу барысында басшылық жасап, балаларға көмек көрсетеді. Жеке нұсқаулар береді. Тәрбиеші балалардың жұмыстарына қорытынды жасап, мадақтайды. - Ал, енді кім қандай ойыншық салғандарын айтып беріндерші? - Балалар жасаған ойыншықтарын қызық көріп, танымдық білдіреді. Олар жеке өздері жұмыс жасайды. \ Балаларға түзу сызықтарды қиылыстыру арқылы шаф сөрелерін сөрелерін салуға үйрету. Логикалық ойын: «Жартысын тап» Ойын шарты: алдарында берілген карточкалардағы суреттердің жартысын тауып сызық арқылы қосу. Қорытынды Балалар біз бүгін не туралы айттық? - Жиһаздардың қандай түрі болады? - Біз кімнің үйіне бардық? - Жиһаздар неден жасалады? Күтілетін нәтижелер: Жиһаздардың қалай жасалатыны туралы түсінік алды; - Түзу сызықтарды қиылыстыруды игерді; - Жиһаздарға ұқыптылықпен қарауды біледі;
Іс-әрекет түрлері	4К моделі: коммуникативтілік дамыту, командада жұмыс жасау, сыни ойлау; Саралау: жігерлендіру, тапсырманы орындату, көмек көрсету. Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні: қызығушылықтары, жетелеуші сұрақтар. Ресурстар: Жиһаздар суреті, сурет салуға қажетті құралдар
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру. Жеке жұмыс: Карандашпен еркін жұмыс істеп әдемі етіп бояуға үйрету.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу. Үй жиһаздарының ерекшеліктері, қандай материалдан жасалғандығы, күнделікті тұрмыста не үшін пайдаланылатындығы туралы балаларға айтып беруге кеңес беру.

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Апта тақырыбы: «Балабақша»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 30.09.2021ж
	«Балдаурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	«Теп-тегіс жолменен...» қимылды ойын-жаттығу
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Балабақшаға баратын ұзын,қысқа жолдар». Мақсаты: Ұзын-қысқа ұғымдары туралы білімдерін кеңейту.«Балабақшаға келетін жол»тақырыбында балаларға сурет салғызу.Өз жұмыстарының нәтижесін сурет арқылы көрсете білуге үйрету. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбері: Кел балалар күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабақ түйген не керек? Көңілді боп жүрейік! Мен бір жұмбақ жасырайын сендер жауабын тауып көріңдер: Ұзын, ұзын, ұзын жіп, Ұшына шыққан жан бар ма? Ақырын басқан жан бар ма? Ұшына шықпа жалғанда.(Жол) (Жұмбақтың мағынасын ашып түсіндіреді). 2. Негізгі бөлім: -Бүгін біз майлы қарындашпен жолдың суретін саламыз. Ол үшін маған алдымен мынаны айтындаршы. (Ақ қағаз бетіне немесе фланелеграфқа қызыл ұзын жолақты, көк қысқа жолақты қатарластырып қойып көрсетеді). Екі жолақшаның қайсысы ұзын,қайсысы қысқа? Түстері қандай? Қызыл жолақ ұзын ол қағаз бетінің шетіне дейін жетіп тұр, ал көк жолақ қағаздың ортасына дейін келіп тұр. Бүгін қызыл жолақ тәрізді ұзын және көк қысқа жолақтарды саламыз. Педагог тақтаға бор мен (немесе қағазға қарындашпен) бір шетінен екінші шетіне дейін жеткізе сызық жүргізіп көрсетеді. Бұдан кейін ауада қарындашты дұрыс ұстауларын ескере отырып, солдан оңға қарай бірнеше сызық жүргізгендей қимыл жасайды. (Барлығы жұмысқа кіріседі. Бірнеше сызықтар жүргізеді). -Енді қағазға қарындашты өте қатты баспай ұзын-ұзын сызықтар жүргізсендер, «ұзын жол» болады. -Біз ұзын жол салдық, енді осы ұзын жолмен машиналарынды жүргізіп көріндерші. (Балалар сызықтардың үстімен ойыншық машиналарын әрі-бері жүргізіп сабақ ойынмен жалғасады.). Педагог балалар ойынға кіріскен кезде аралап жүріп талдау жасайды. -Мынадай жолда машина жақсы жүреді, жол тегіс болмаса машина жүре алмайды. Кейбір дұрыс сызық жүргізе алмаған балаларға сол балалардың өзінің қағазына сызып көрсетеді. Аяқталған жұмыстарын мадақтап, оқу қызметін аяқтайды да,балаларды гимнастикалық орындықтың қасына жинайды. -Мына жерде өздерінің бейнеленгендей ұзын жол және қысқа жол жатыр,кәне барлығымыз осы жолмен өтейік. (Балалар кезектесіп, бірінің артынан бірі жүріп, бір-біріне қол ұшын беріп көмектеседі. Жайлап аяқ ұшымен секіріп түсулерін қадағайлайды). -Жол қандай ұзын жол болса да, бәрің жақсы жүріп өтіңдер. (Педагог балалардың дұрыс қимыл іс-әрекеттерін қолдайды). 3. Қорытынды: Педагог балалардың салған суреттерін тақтаға қойып, мақтайды. -Қандай ұзын және қысқа жол жасадық, енді бәріміз машиналарды жолда жүргізіп

	ойнаймыз. Күтілетін нәтижелер: Ұзын-қысқа ұғымдарын ажырата біледі; -Ойлау арқылы сурет салуды игерді; -Жасаған жұмыстарының нәтижесін көрсете алады;
Іс-әрекет түрлері	4К моделі: коммуникативтілік дамыту, командада жұмыс жасау, сыни ойлау; Саралау: баланың өз бетімен жұмысы, көмек көрсету. Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні: қызығушылықтары, жетелеуші сұрақтар. Ресурстар: Бояулар, қағаз, қылқалам, тақырыптық суреттер
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру. Жеке жұмыс: Қарандашпен еркін жұмыс істеп әдемі етіп бояуға үйрету.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу.

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

Өтпелі тақырып: «**МЕНІҢ ОТБАСЫМ**» I-апта

Апта тақырыбы: «**Менің отбасым, ата-аналар еңбегі**»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 07.10.2021ж
	«Балдаурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	«Биік-аласа мінбелер» ойын-жаттығуы
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Үй тұрмысына қажетті еңбек құралы-саты» (заттық сурет салу) Мақсаты: Ұзындығына қарай түрлі бағыттарда сызықтар жүргізіп, оларды қиыстырып баспалдақ салуға болатынын көрсету. Баспалдақты не үшін қолданатыны туралы түсінік беру. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбері: Күн шуағын шашады, Күлкі сыйлап біздерге. Ағаштарды қозғалтып, Жел соғады тербелте. 2. Негізгі бөлім: - Аспапты таяғымен ұрып ойнайды. Солдан оңға, біртіндеп жоғары, оңнан солға біртіндеп төмен музыканы тыңдап, ажыратуға көңіл бөледі. Баспалдақтардан не құралатындығын түсіндіреді. - Балалар, саты дегенді қалай түсінесіңдер? Суретпен жұмыс. Сатылардың түрлерімен таныстыру. Саты баспалдақтың санына, ұзындығына қарай бөлінетіні туралы түсіндіріледі. Сөздік жұмыс. Саты, баспалдақ. - Сатының баспалдақтарына жануарларды даусына қарай орналастырайық (қораз, мысық, күшік, сиыр) - Мойны өте ұзын жануарға – керікке саты салып берейік. Сергіту сәті Металлофонда әртүрлі әуен ойналады. Сатыны салу жолы түсіндіріледі. Балаларға езілген дайын қоңыр гуашқа қылқаламмен ұшын ақырын жартылай батырып, жоғарыдан төмен қарай түзу екі сызықты қатар сызып алуды, содан соң, біртіндеп ретімен солдан оңға қарай түзу сызықтар жүргізуді, екі ұзын сызықтың ортасын бір-біріне қосып, қиыстырып сызуды көрсетіп, түсіндіру. - Алдарындағы қаптама ішінде өздеріне таныс жануарлардың суреттері бар екендігін айтып, соны балалардың өз баспалдақтарына дұрыс орналастырыңдар. Көз жаттығуы . 3. Қорытынды: - Балалар, сатыны таза, әдемі салдыңдар, маған қатты ұнады. Баспалдақтар бір-бірімен түзу, дұрыс қиылысып тұр екен. Кешке ата-аналарымызға көрсету үшін көрмеге іліп қояйық. Күтілетін нәтижелер: Ұзындығына қарай түрлі сызықтар жүргізе отырып, саты суретін салады; - Баспалдақтың еңбекке қажеттілігін біледі;
Іс-әрекет түрлері	4К моделі: коммуникативтілік дамыту, командада жұмыс жасау, сыни ойлау; Саралау: баланың өз бетімен жұмысы, көмек көрсету. Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні: қызығушылықтары, жетелеуші сұрақтар. Ресурстар: Бояулар, қағаз, қылқалам, тақырыптық суреттер
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру. Жеке жұмыс: Қарандашпен еркін жұмыс істеп әдемі етіп бояуға үйрету.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу.

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
II-апта

Өтпелі тақырып: «**МЕНІҢ ОТБАСЫМ**»
 Апта тақырыбы: «**«Менің көшем»»**

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 14.10.2021ж
	«Балдаурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	«Жол тәртібін сақта» ойын-жаттығуы
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: Біздің көшедегі жол (заттық сурет салу) Мақсаты: Түрлі-түсті бояулармен тұзу сызықтарды салуды, жолды солдан, оңға қарай орналастырып бояуды үйрету. Өз бетінше сурет салуды, сурет салу құралдарын ұқыпты пайдалануды меңгерту. Шаттық шеңбері: Кел балалар күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабақ түйген не керек? Көңілді боп жүрейік! Мен бір жұмбақ жасырайын сендер жауабын тауып көріңдер: Ұзын, ұзын, ұзын жіп, Ұшына шыққан жан бар ма? Ақырын басқан жан бар ма? Ұшына шықпа жалғанда. (Жол) (Жұмбақтың мағынасын ашып түсіндіреді). 2. Негізгі бөлім: -Бүгін біз майлы қарындашпен жолдың суретін саламыз. Ол үшін маған алдымен мынаны айтындаршы. (Ақ қағаз бетіне немесе фланелеграфқа қызыл ұзын жолақты, көк қысқа жолақты қатарластырып қойып көрсетеді). Екі жолақшаның қайсысы ұзын, қайсысы қысқа? Түстері қандай? Қызыл жолақ ұзын ол қағаз бетінің шетіне дейін жетіп тұр, ал көк жолақ қағаздың ортасына дейін келіп тұр. Бүгін қызыл жолақ тәрізді ұзын және көк қысқа жолақтарды саламыз. Педагог тақтаға бор мен (немесе қағазға қарындашпен) бір шетінен екінші шетіне дейін жеткізе сызық жүргізіп көрсетеді. Бұдан кейін ауада қарындашты дұрыс ұстауларын ескере отырып, солдан оңға қарай бірнеше сызық жүргізгендей қимыл жасайды. (Барлығы жұмысқа кіріседі. Бірнеше сызықтар жүргізеді). -Енді қағазға қарындашты өте қатты баспай ұзын-ұзын сызықтар жүргізсендер, «ұзын жол» болады. -Біз ұзын жол салдық, енді осы ұзын жолмен машиналарыңды жүргізіп көріндерші. (Балалар сызықтардың үстімен ойыншық машиналарын әрі-бері жүргізіп сабақ ойынмен жалғасады.). Педагог балалар ойынға кіріскен кезде аралап жүріп талдау жасайды. -Мынадай жолда машина жақсы жүреді, жол тегіс болмаса машина жүре алмайды. Кейбір дұрыс сызық жүргізе алмаған балаларға сол балалардың өзінің қағазына сызып көрсетеді. Аяқталған жұмыстарын мадақтап, оқу қызметін аяқтайды да, балаларды гимнастикалық орындықтың қасына жинайды. -Мына жерде өздерінің бейнеленгендей ұзын жол және қысқа жол жатыр, кәне барлығымыз осы жолмен өтейік. (Балалар кезектесіп, бірінің артынан бірі жүріп, бір-біріне қол ұшын беріп көмектеседі. Жайлап аяқ ұшымен секіріп түсулерін қадағайлайды). -Жол қандай ұзын жол болса да, бәрің жақсы жүріп өтіңдер. (Педагог балалардың дұрыс қимыл іс-әрекеттерін қолдайды). 3. Қорытынды: Педагог балалардың салған суреттерін тақтаға қойып, мақтайды. -Қандай ұзын және қысқа жол жасадық, енді бәріміз машиналарды жолда жүргізіп ойнаймыз. Күтілетін нәтижелер: Ұзындығына қарай түрлі сызықтар жүргізе отырып, саты суретін салады;

	-Баспалдақтың еңбекке қажеттілігін біледі;
Іс-әрекет түрлері	4К моделі: коммуникативтілік дамыту, командада жұмыс жасау, сыни ойлау; Саралау: баланың өз бетімен жұмысы, көмек көрсету. Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні: қызығушылықтары, жетелеуші сұрақтар. Ресурстар: Бояулар, қағаз, қылқалам, тақырыптық суреттер
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру. Жеке жұмыс: Қарандашпен еркін жұмыс істеп әдемі етіп бояуға үйрету.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу.

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
 III-апта

Өтпелі тақырып: «**МЕНІҢ ОТБАСЫМ**»

Апта тақырыбы: «**«Менің көшем»»**

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 21.10.2021ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	Құрылымдалған ойын: «Болады, болмайды»
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Жол белгілері» Мақсаты: Түрлі-түсті бояулармен түзу сызықтарды салуды, жолды солдан, оңға қарай орналастырып бояуды үйрету. Өз бетінше сурет салуды, сурет салу құралдарын ұқыпты пайдалануды меңгерту. Шаттық шеңбері Кел, балалар күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабақ түйген не керек? Көңілді болып жүрейік. Ал, енді балалар екі топқа бөлініп, отыра қалайық. 1-топ бағдаршам, 2-топ көліктер. -Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын, қай топ бірінші табады екен: Үш көзі бар қаз-қатар, Кезек-кезек ашады. Үшеуінен байқасам, Үш түрлі нұр шашады. (Бағдаршам) -Дұрыс айтасыңдар, балалар. Біз бүгін осы бағдаршаммен танысатын боламыз. -Міне балалар «бағдаршамның» өзі де келіп қалыпты. Қане, біз бағдаршам жайлы өзінен сұрап білейікші. Бағдаршам: Менің үш көзім бар: Бір көзім кідір дейді, Бір көзім жүгір дейді. Бір көзім абайла дейді, Қарап ал маңайға дейді. - Балалар бағдаршамның неше көзі бар екен, қане санайықшы? -Түстері қандай екен? -Көздерінің пішіні қандай? -Балалар, машиналар көп жүретін жерлерге бағдаршам орнатылады. Олардың жыпылықтап жанып тұратын үш көзі болады: қызыл, сары және жасыл. Егер қызыл жарығы жанса – машиналар тоқтап тұрады, егер сары жарығы жанса – дайындала бастайды, ал егер жасылы жанса – машиналар жүріп кетеді. Осылайша бағдаршам жолдан өту тәртібін реттейді екен. Көліктерге кедергі жасамау үшін, жаяу жүргіншілер де көшеде жүру тәртібін сақтау керек. Біз бүгін бағдаршамның суретін салып бояймыз. Сергіту сәті «Бағдаршам» ойыны: Ойынның шарты: Бағдаршамның қызыл көзі жанғанда балалар түп-түзу тұрады, сары көзі жанғанда қол шапалақтайды, жасыл көзі жанғанда билейді. Жол белгілерімен таныстыру. Біз сендермен бүгін бағдаршамның суретін саламыз. Балалар жолда бағдаршаммен қатар жол белгілеріде тұрады. Олардың түрлері көп. Бірақ, біз бүгін солардың негізгі түрлерімен ғана танысайық. Мына менің қолымдағы белгі қандай геометриялық фигураға ұқсайды. Дұрыс айтасыңдар, балалар, жолда дәл осындай қып-қызыл шеңбер тұрса, онда ол «қозғалысқа тыйым салынады» дегенді білдіреді. -Ал, мынау қандай фигураға ұқсайды? Дұрыс айтасыңдар, жолда осындай қызыл үшбұрыш тұрса «ескерту белгісін»

	білдіреді. -Мынау ненің суреті? Дұрыс, бұл «велосипед жолы» дегенді білдіреді. -Мынау ненің суреті? Дұрыс, егер мұндай сурет көрсеңдер «жаяу жүргінішілер жолы» дегенді білдіреді. Сендерге белгілер түсінікті ме балалар? Бағдаршамның үш белгісі ше? Онда біз бір ойын ойнайық. «Жолда жүру ережесін сақта» Күтілетін нәтижелер: Үйдегі, көшедегі қауіпсіздік ережелері туралы түсінік қалыптасты; -Жол белгілерінің суретін трафарат арқылы салуды біледі; -Қуіпсіздік ережелерін біледі;
Іс-әрекет түрлері	4К моделі: коммуникативтілік дамыту, командада жұмыс жасау, сыни ойлау; Саралау: баланың өз бетімен жұмысы, көмек көрсету. Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні: қызығушылықтары, жетелеуші сұрақтар. Ресурстар: Бояулар, қағаз, қылқалам, тақырыптық суреттер
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру. Жеке жұмыс: Қарандашпен еркін жұмыс істеп әдемі етіп бояуға үйрету.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу.

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

Өтпелі тақырып: «**МЕНИҢ ОТБАСЫМ**» YI-апта

Апта тақырыбы: «**«Алтын күз»»**»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 28.10.2021ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	«Күз мезгілі» фланеграфта көрсету
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Күз мезгілі тамаша!» (сюжетті сурет салу) Мақсаты: Балаларға күз бейнесінің сюжетті суретін салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшымен басып жағу тәсілімен салуды үйрету. Табиғат әсемдігін көре білуге тәрбиелеу Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! Күз туралы түсінік Жаңа тақырып туралы таныстырылым көрсету Қимылды ойын: Қуырмаш Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін арттыру, дүниетанымын, қызығушылығын арттыру. Ойын шарты: Бұл ойында көбіне балаларды үлкендер ойнатады, тәрбиелік мәні күшті ойын. Балалардың қолын саусақтарының ұшынан ұстап тұрып, алақан қазан қып жалғыз саусағымен қуыра бастайды. -Қуыр, қуыр, қуырмаш -Балапанға бидай шаш Сонан соң ойнатып тұрған балалардың бір-бірден саусақтарын бүгеді. Бас бармақ, Балан үйрек, Ортан терек Шылдыр шүмек Кішкене бөбек -Балалар ойынды қызыға ойнайды. -Балалар ойын ұнады ма? -Осы ойын арқылы не үйрендіңдер? -Не білді: Қызықты ойын санауды үйренді. Топта және жеке орындату Күтілетін нәтижелер: Күз бейнесін сюжетті салуды үйренді; -Қылқаламмен жұмыстана алады; -Табиғат әсемдігіне қызығушылық танытады;
Іс-әрекет түрлері	4К моделі: командада жұмыс жасау, сыни ойлау; бала үні, ойын, креативтілік Саралау: баланың өз бетімен жұмысы, Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні: жетелеуші сұрақтар. Ресурстар: Көрнекі материалдар, АКТ, сурет салу құралдары, қылқалам
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру. Жеке жұмыс: Қарандашпен еркін жұмыс істеп әдемі етіп бояуға үйрету.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу.

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
 Өтпелі тақырып: «ДЕНІ САУДЫҢ ЖАНЫ САУ» I-апта
 Апта тақырыбы: «Өзім туралы»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 04.11.2021ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	Пед/жетекшілігімен ойын: «Алақан жылуы»
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Менің алақаным» Мақсаты Өз алақандарын бояуға салып, ақ қағаз бетіне бастырып салуды үйрету. Бояулармен ұқыпты жұмыстану керектігін түсіндіру. Шаттық шеңбері Қуан, шаттан, алақай, Қуанатын күн келді. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін! - Мына, суретте нені көріп тұрсыңдар? - Дұрыс, адамның дене мүшелерін Балалардың шапшаң ойлауын, зеректігін дамыту. - III: Тәрбиеші допты бір кез - келген балаға допты лақтырып, дене мүшесі туралы сұрақ қояды. - Тамаша, біледі. Ал, балалар оларды атап шығайық. - Ал, енді ойын ойнай тұрайық. - Ойын: «Допты ұстап ал!» - М: екенсіңдер. Енді, сендер санамақ білесіңдер ме? - Керемет, балалар. Ал, біз ойын ойнаған кезде допты қай дене мүшесімен ұстадық? - Дұрыс, жаңа айтылған санамақта қандай мүше туралы айтылды? Ал, ішкі жағын қалай атайды? (көрсетеді) - Дұрыс, қолдың ішкі жағы алақан туралы. - Ендеше, біз бүгін не саламыз? - Дұрыс, өз алақанымызды саламыз. Ақ қағазға өз қолдарынды салып, қарындашты қолдың пішіні бойынша жүргізіп өтіп салу. Сергіту сәті: Бір, екі – еңкей, Бүгілмесін тізең. Үш-төрт шалқай Иілмесін тізең. Қолды көтер аспанға Саусақты сөз, жасқанба. Сөздік жұмыс: Алақан – ладошка. - Ендеше, біз жұмысқа кірісейік. Ақ қағазға қолдарынды қойып салу керек. Тәрбиеші көмектесіп жүреді. Жеке жұмыс. Қорытынды: - Балалар, біз бүгін не салдық? - Қандай заттармен және қалай салдық? - Алақан қай дене мүшесінде орналасқан? Көрме өткізеді. Мадақтайды. Күтілетін нәтижелер: Алақанмен сурет салады; -Бояулармен ұқыпты жұмыстанады;
Іс-әрекет түрлері	
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру. Жеке жұмыс: Алақанмен сурет салуға үйрету.
Ата-аналар мен	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу.

тәрбиешілерге кеңес

Дене мүшелерінің атқаратын қызметі туралы айту

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
II-апта

Өтпелі тақырып: «ДЕНІ САУДЫҢ ЖАНЫ САУ»

Апта тақырыбы: «Дұрыс тамақтану» Дәрумендер»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 11.11.2021ж
	«Балдаурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	Құрылымдалған ойын: «Бақшада ма бақтама»
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Жемістер мен көкөністер» (еркін тақырыпта траферат бойынша сурет салу) Шаттық шеңбері Қуан, шаттан, алақай, Қуанатын күн келді. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін! Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын, сендер шешуін тауып көріңдер. Жасырылған жұмбақтың шешімін тауып, суреттері көрсетіліп әр жемістер мен көкөністер туралы шағын мәлімет беріледі. Сырты жасыл қатты, іші қызыл тәтті. (Қарбыз – арбуз) Қарбыздың тәтті бөлігі мен шырыны шөл басады, дәндерін сары ауруға қарсы қолданады, қарбыздан тосап жасауға да болады. 2. Үлкендігі алмадай, Сырты жанған қызыл от, Ішін жарып қарасаң– Майда, майда қызыл шоқ. (Анар – гранат) Анардан салқын сусындар дайындалады. Анарды күнделікті тағамға, салаттарға қосып пайдаланады. Асқазан қабынуына және терінің күйгеніне анар жемісінің қабығы жақсы көмектеседі (қайнатылған түрде) 3. Қалың киім ұнатады, Шешіндірсең жылатады. Ол не? (пияз – лук) Пияз жерде өседі, оның дәмі ащы болып келеді. Пиязды аурудың алдын алу үшін де пайдаланады. Пішіні қандай екен? Түсі қандай? (қызыл сары) 4. Сырты тәтті, іші тәтті Ортасы сүйек қатты (өрік — урюк) Дид.ойын: «Пішініне сәйкесін тап» (5 мин) Мақсаты: Балаларды салыстыруға, ажыратып, топтай білуге үйрету. Ойын шарты: Араласқан жемістермен көкөністер суреттерінің арасынан шеңбер пішіндес жемістерді ажыратып топтап жинауға үйрету. · Өзіндік жұмыс. (10 мин) — Құрал – жабдықтары таратылады: қылқалам, ақ парақтар, су бояулары. · Қауіпсіздік шаралары ескеріледі. — Суды көп қолданба, қылқаламмен досыңды көрсетпе, бояуды аузыңа салма. · Балалар тәрбиешімен бірге ілесіп отырып, сурет салады, бояйды, жұмыс жасайды, көмек сұрайды. · Сергіту сәті. «Ағашта – жерде» (5мин) Жүргізуші бала:

	— алма, шие, өрік – балалар қолдарын көтереді. — қияр, пияз, сәбіз – балалар қолдарын төмен түсіріп отырады. Қорытындылау. (5 мин) Балалардың жұмыстарын тексеру, тақтаға ілу Ұнаған суреттерін көрсетіп, бір-бірлерін бағалау. Пысықтау сұрақтары Екі тілде қайталау. өрік – урюк , анар – гранат, қарбыз – арбуз, пияз – лук Мадақтау, марапаттау Күтілетін нәтижелер: Күтілетін нәтижелер:Дәруменді тағамдардың адам денсаулығына қажеттілігін түсінеді; -Трафератпен жұмыстануды меңгереді; -Сурет салуға қызығады;
Іс-әрекет түрлері	4К моделі:командада жұмыс жасау, сыни ойлау;бала үні,ойын,бақылау Саралау: баланың өз бетімен жұмысы, көмек көрсету Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні:жетелеуші сұрақтар. Ресурстар:Жемістер-көкөністер суреті, траферат,қажетті бояу
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу.Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу. Дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы айту.

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
III-апта

Өтпелі тақырып: «ДЕНІ САУДЫҢ ЖАНЫ САУ»

Апта тақырыбы: «Өзіңе және өзгелерге көмектес»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 18.11.2021ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	«Өз мекенін тап» ойыны
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Қоянға сәбіз әзірлейік» Мақсаты: Саусақ әдісі арқылы сәбіздің суретін салу, қажетті түсті пайдалану арқылы бояу, шығармашылық қабілеттерін арттыру. Жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу Шаттық шеңбері Қуан, шаттан, алақай, Қуанатын күн келді. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін! 1. Ұйымдастырушылық кезең/организационный момент: Тосын Сәт: Тосын сәт. Балалар, бізге қонақ келген сияқты, есікті біреу соғып тұрған секілді. Секіріп қоян кіріп келеді: - Сәлеметсіздер ме, балалар, апайлар Қоян: - Сіздер маған көмектесесіздерме, менің көжектеріме қысқа деп жинаған азығым таусылды. Енді маған көптеген сәбіздер керек? Тәрбиеші: - Сәлеметсіз бе қоян сіз мұңаймаңыз біздің балалар сізге көмектеседі. - Көмектесеміз бе балалар? Қош келдіңіз, біз сіз туралы айтып жатырған едік. Қоян: - Солай ма? Онда мен жақсы келген екенмін. Тәрбиеші: - Сіз жайғасып, тынығып алыңыз. Біздің балалар сіз туралы көп мәліметтер біледі. 2. Негізгі бөлім/основная часть: Қоян қандай көкіністі ұнатады деп ойлайсыңдар? - Сәбіздің түсі қандай? - Сабағының түсі қандай? Ендеше, біз қоянның көжектеріне арнап сәбіз жасап беруге көмектесейік. Педагог өзі жасаған үлгіні көрсетеді. Қоянға арналған сәбіздің суретін саламыз. Ақ қағазға гуашьтың көмегімен сәбіз суретін саламыз. Билингвалдық компонент/Билингвальный компонент: қоян-заяц, көжек-зайчик, сәбіз-марковь. Қане балалар, олай болса орнымыздан тұрып бойымызды сергітіп алайықшы.

	Сергіту сәті: Ұзын құлақ, сұр қоян Естіп қалып сыбдырды, Ойлы-қырлы жерлермен, Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын сап көзінің. Келе жатқан томпаңдап, Көжесі екен өзінің. Қоян: Ой, бәрежелді! Мен жайлы барлығын біледі екенсіңдер. Сендердің салған суреттеріңді көріп мен өзіме көптеген сәбіз жинап бердім. Рахмет сіздерге! 3.Қорытынды бөлім/итоговая часть: Балалар бүгін бізге қонаққа не келді? Ненің суретін салып бердік? Бүгінгі оқу қызметіміз ұнадыма! Жарайсыңдар балалар! Күтілетін нәтижелер:Саусақ әдісі арқылы сәбіздің суретін салып,қажетті бояумен бояуды үйренеді; -Жаңуарларға қамқорлық жасауды біледі;
Іс-әрекет түрлері	4К моделі:командада жұмыс жасау, сыни ойлау;бала үні,ойын,бақылау Саралау: баланың өз бетімен жұмысы, көмек көрсету Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні:жетелеуші сұрақтар. Ресурстар:Тақырыпқа сай көрнекіліктер, мақталы таяқша,қажетті бояу
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу.Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу. Көкөністерді таза жуып жеуге кеңес беру.

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
ІҮ-апта

Өтпелі тақырып: «ДЕНІ САУДЫҢ ЖАНЫ САУ»
Апта тақырыбы: «Біз күштіміз ептіміз»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 25.11.2021ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	Пед/жетекшілігімен ойын: «Не үшін қажет?»
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Дене шынықтыру құралы-гантель» Мақсаты: Балалардың күшті, епті болуы үшін дене шынықтыру құралдарының пайдасы жөнінде түсініктерін кеңейту. Гантель туралы әңгімелету, суретін салуға қызығушылықтарын арттыру. Шаттық шеңбері Қуан, шаттан, алақай, Қуанатын күн келді. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін! 1. Ұйымдастырушылық кезең/организационный момент: Тосын Сәт: Тосын сәт. Балалар, бізге қонақ келген сияқты, есікті біреу соғып тұрған секілді. Секіріп қоян кіріп келеді: - Сәлеметсіздер ме, балалар, апайлар Қоян: - Сіздер маған көмектесесіздерме, менің көжектеріме қысқа деп жинаған азығым таусылды. Енді маған көптеген сәбіздер керек? Тәрбиеші: - Сәлеметсіз бе қоян сіз мұңаймаңыз біздің балалар сізге көмектеседі. - Көмектесеміз бе балалар? Қош келдіңіз, біз сіз туралы айтып жатырған едік. Қоян: - Солай ма? Онда мен жақсы келген екенмін. Тәрбиеші: - Сіз жайғасып, тынығып алыңыз. Біздің балалар сіз туралы көп мәліметтер біледі. 2. Негізгі бөлім/основная часть: Қоян қандай көкіністі ұнатады деп ойлайсыңдар? - Сәбіздің түсі қандай? - Сабағының түсі қандай? Ендеше, біз қоянның көжектеріне арнап сәбіз жасап беруге көмектесейік. Педагог өзі жасаған үлгіні көрсетеді. Қоянға арналған сәбіздің суретін саламыз. Ақ қағазға гуашьтың көмегімен сәбіз суретін саламыз. Билингвалдық компонент/Билингвальный компонент: қоян-заяц, көжек-зайчик, сәбіз-марковь .

	Қане балалар, олай болса орнымыздан тұрып бойымызды сергітіп алайықшы. Сергіту сәті: Ұзын құлақ, сұр қоян Естіп қалып сыбдырды, Ойлы-қырлы жерлермен, Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын сап көзінің. Келе жатқан томпаңдап, Көжесі екен өзінің. Қоян: Ой, бәрекедді! Мен жайлы барлығын біледі екенсіңдер. Сендердің салған суреттеріңді көріп мен өзіме көптеген сәбіз жинап бердім.Рахмет сіздерге! 3.Қорытынды бөлім/итоговая часть: Балалар бүгін бізге қонаққа не келді? Ненің суретін салып бердік? Бүгінгі оқу қызметіміз ұнадыма! Жарайсыңдар балалар! Күтілетін нәтижелер:Саусақ әдісі арқылы сәбіздің суретін салып,қажетті бояумен бояуды үйренеді; -Жануарларға қамқорлық жасауды біледі;
Іс-әрекет түрлері	4К моделі:командада жұмыс жасау, сыни ойлау;бала үні,ойын,бақылау Саралау: баланың өз бетімен жұмысы, көмек көрсету Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні:жетелеуші сұрақтар. Ресурстар:Тақырыпқа сай көрнекіліктер, мақталы таяқша,қажетті бояу
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу.Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру. .
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу. Көкөністерді таза жуып жеуге кеңес беру.

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
I-апта

Өтпелі тақырып: **«МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ!»**
 Апта тақырыбы: **«Елін сүйген-Елбасы»**

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 02.12.2021ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	«Туған елді гүлдендіреміз» ойын
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Бәйтерек» (Бастырма әдісі бойынша) Мақсаты: Балаларға бәйтерек туралы сұрақтар қойып, жауаптарын тыңдау. Түсініктерін толықтыру мақсатында аңыз әңгіме айтып, қызығушылықтарын ояту, сүйіспеншіліктерін арттыра отырып «Бәйтеректі» бастырма әдісі арқылы бейнелету. Өздіктерінен тапсырма орындауға белсендіру Шаттық шеңбері Қуан, шаттан, алақай, Қуанатын күн келді. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін! 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ 1.1. Сурет көрсету. 1.2. Көркем сөз. - Астана – бас қалам, Атауы – Нұр-Сұлтан. Жайнай бер әлемге, Төрінде бар мұнарасы. Тіреп тұр көкті, Ол біздің Бәйтерек. - Балалар, Бәйтерек Нұр- Сұлтан қаласында. Қараңдаршы, суретке, біздің Қазақстанның астанасы жайнап тұр емес пе? 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ 2.1. Үлгі көрсету. - Балалар, мынау Бәйтерек. Қайтала. Жарайсыңдар! - Байтеректе көп көлденең қысқа жолақша бар. Міне, міне, міне, тағы міне (саусақпен не көрсеткішпен көрсету). - Балалар, Бәйтеректе не салынған? Қысқа жолақша. Қайтала. Жарайсыңдар! - Балалар, мынау Бәйтерек кескіні, бірақ онда жолақшалар жоқ екен. - Мен қарындашты үш саусақпен аламын, Бәйтеректің үстінен бастап, сол жақ шетінен оң жаққа түп-түзу жолақша саламын; шетіне шықпаймын, тоқтаймын – бір. - Төмен сәл түсемін, тағы да солдан оң жаққа жолақша. Тоқтаймын – екі. - Төмен – жолақша. Тағы да төмен – жолақша. Тағы да – жолақша. - Міне жолақшалары бар Бәйтерек салдық. Алақай! 2.3. Ауада сурет салу жаттығуы. Педагог сурет салу тәсілдерін көрсету барысында балаларға артымен тұрып, қолды көрінетіндей шығарып (таза панно алаңы), сөздерді нақты қимылдармен сүйемелдеп, орындауы шарт. Сонымен қатар басты ақырын бұрып, балалардың әрекетін де бақылап тұру қажет. - Балалар, саусақтарыңды көрсетіңдер: үстінен бастап, сол жақ шетінен оң жаққа түп-түзу жолақша саламын; шетіне шықпаймын, тоқтаймын – бір. Төмен сәл түсемін, тағы да солдан оң жаққа жолақша. Тоқтаймын – екі. Төмен – жолақша. Тағы да төмен – жолақша. Тағы да – жолақша. Жарайсыңдар. Жолақшаларды салу жөніндегі қимылдар нақты және жедел жасалуы тиіс. Сонда

	олардың қысқа екені сезіледі. 2.4. Сергіту сәті. "Мен өсемін". - Мен өсемін, Бойым өседі. Ойым өседі. Өзіме: "Өс-өс-өс!" – деймін. Қимылдарды сөзімен бірге ырғақты, темпі о 3.Қорытынды бөлім/итоговая часть: Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін нысықтау - Балалар, бүгін біз ненің суретін салдық? Бәйтеректің. - Бәйтерек қандай? Биік екен, балалар, солай ма? - Кім қалай салды екен, мен қазір бәрін қарап шығамын. - Балалар, қандай тамаша, түп-түзу қысқа жолақшалар салып шықтыңдар! Биік Бәйтерек салдыңдар! - Жарайсыңдар, балалар! Бүгінгі оқу қызметінде бәрің бірдей қатыстыңдар, рақмет! Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар! Күтілетін нәтижелер:Саусақ әдісі арқылы сәбіздің суретін салып,қажетті бояумен бояуды үйренеді; -Жануарларға қамқорлық жасауды біледі;
Іс-әрекет түрлері	4К моделі:командада жұмыс жасау, сыни ойлау;бала үні,ойын,бақылау Саралау: баланың өз бетімен жұмысы, көмек көрсету Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні:жетелеуші сұрақтар. Ресурстар:Тақырыпқа сай көрнекіліктер, мақталы таяқша,қажетті бояу
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу.Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу. Қарындашты үш саусақпен ұстауға үйретуді үйден қадағалау.

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
II-апта

Өтпелі тақырып: **«МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ!»**
 Апта тақырыбы: **«Алақай қыс келді!»**

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 09.12.2021ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	Құрылымдалған ойын: «Кім алысқа лақтырады?»
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Қар кесегі» Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі, қар туралы түсінігін кеңейту. Көк түс пен ақ түстің бір-біріне үйлесімділігіне көңіл бөлуді, тіс пастасымен мақталы таяқшаның көмегімен қар кесегінің суретін салуды үйрету. Дәстүрден тыс сурет салудың тағы бір әдісіне Шаттық шеңбері Қуан, шаттан, алақай, Қуанатын күн келді. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін! 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ 1.1. Бейнероликті көрсету. 1.2. Көркем сөз. Қадыр Мырзалиев. "Қар". - Жапалақ қар, Армысың? Дүниеде бармысың? Қысқы дала тәуелді, Жау, жау енді! Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар! - Қар қандай? Қар мамықтай. Қайталайықшы. Оқу қызметі жұмбақ жасырудан басталды. Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тонады, Ол не? Қар жауғанда топ бала Соқтық келіп аққала Мұрын- сәбіз, үп- үшкір, Көзі-көмір, қап-қара Ол не? - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде неше ай бар? - Қыс айларында табиғатта қандай өзгерістер болады? - Ендеше боран соққанды қимылмен қалай көрсетеміз? - Үскірік аяз болып тоңғанда не істейді? - Ал, күн шыққанда не істейсіңдер? Суреттерді көрсетіп, қысқы табиғаттың ерекшелігін айтамыз. Тақтамен жұмыс «Қыс мезгіліне жат актикалық ойыны. Шарты: Әр түрлі суреттер ілініп тұрады. Қыс мезгіліне жататын суреттерді табу. Мақсаты: қысқы табиғат көрінісін бейнелейтін сөздерді айтқызу. Қысқы табиғат көрінісін, қысқы ойын түрлерін атау. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Ойын ойнаймыз. Видеоролик: Қыс ерекшеліктерін көрсету. Қар кесегін салу жолдарын көрсету. Балалар жұмысымызды бастамас бұрын, саусағымызға жаттығу жасап алайық, сол кезде суретті шаршамай, әдемі етіп саламыз.

	<i>Тіс настасы мен мақталы таяқша көмегімен қар кесегінің суретін салғызу.</i> <i>Саусақ жаттығуы:</i> <i>Оң қолымда бес саусақ,</i> <i>Сол қолымда бес саусақ</i> <i>Қосып едім екеуін,</i> <i>Болып шықты он саусақ.</i> <i>Саусақпен салу әдісін пайдаланамыз, сол кезде қар кесегінің суреті дайын болады.</i> <i>Сергіту сәті:</i> <i>Ұзын құлақ сұр қоян,</i> <i>Естіп қалып сыбдырды,</i> <i>Ойлы – қырлы жерлерден</i> <i>Ытқып, ытқып секірді.</i> <i>Енді орындарымызға отырып, сурет салуды одан әрі жалғастырамыз.</i> 3.Қорытынды бөлім/итоговая часть: <i>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау</i> - Балалар, бүгін біз ненің суретін салдық?? - Кім қалай салды екен, мен қазір бәрін қарап шығамын. - Балалар, қандай тамаша, - Жарайсыңдар, балалар! Бүгінгі оқу қызметінде бәрің бірдей қатыстыңдар, рақмет! <i>Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар!</i> Күтілетін нәтижелер:Қардың бұлттан пайда болатынын,жапалақтап қар жауатынын АКТ тех көріп түсінді; -Көк түс пен ақ түстің үйлесімділігін түсінді; -Тіс настасы мен мақталы таяқша көмегімен қар кесегінің суретін салады;
Іс-әрекет түрлері	4К моделі:командада жұмыс жасау, сыни ойлау;бала үні,ойын,бақылау Саралау: баланың өз бетімен жұмысы, көмек көрсету Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні:жетелеуші сұрақтар. Ресурстар:Тақырыпқа сай көрнекіліктер, мақталы таяқша,қажетті бояу
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу.Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру. .
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу. .

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
 III-апта

Өтпелі тақырып: «**«Менің Қазақстаным!»**»
 Апта тақырыбы: «**Жаңа жылдық сыйлықтар**»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 23.12.2021ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	«Жұмбақтар», «Ғажайып қалташа ойыны
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: ««Менің күткен сыйлығым» (Еркін тақырыпта сурет салу)» Мақсаты: Балаларға өздері қалаған сыйлықтарының суретін еркін тақырыпта салғызып, не салғандарын әңгімелету. Достыққа тәрбиелеу Шаттық шеңбері Қуан, шаттан, алақай, Қуанатын күн келді. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін! 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ 1.1. Бейнероликті көрсету. 1.2. Көркем сөз. Қадыр Мырзалиев. "Қар". - Жапалақ қар, Армысың? Дүниеде бармысың? Қысқы дала тәуелді, Жау, жау енді! Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар! - Қар қандай? Қар мамықтай. Қайталайықшы. Оқу қызметі жұмбақ жасырудан басталды. Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тонады, Ол не? Қар жауғанда топ бала Соқтық келіп аққала Мұрын- сәбіз, үп- үшкір, Көзі-көмір, қап-қара Ол не? - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде неше ай бар? - Қыс айларында табиғатта қандай өзгерістер болады? - Ендеше боран соққанды қимылмен қалай көрсетеміз? - Үскірік аяз болып тоңғанда не істейді? - Ал, күн шыққанда не істейсіңдер? Суреттерді көрсетіп, қысқы табиғаттың ерекшелігін айтамыз. Тақтамен жұмыс «Қыс мезгіліне жат актикалық ойыны. Шарты: Әр түрлі суреттер ілініп тұрады. Қыс мезгіліне жататын суреттерді табу. Мақсаты: қысқы табиғат көрінісін бейнелейтін сөздерді айтқызу. Қысқы табиғат көрінісін, қысқы ойын түрлерін атау. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Ойын ойнаймыз. Видеоролик: Қыс ерекшеліктерін көрсету. Қар кесегін салу жолдарын көрсету. Балалар жұмысымызды бастамас бұрын, саусағымызға жаттығу жасап алайық, сол кезде суретті шаршамай, әдемі етіп саламыз. Тіс пастасы мен мақталы таяқша көмегімен қар кесегінің суретін салғызу.

	Саусақ жаттығуы: Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ. Саусақпен салу әдісін пайдаланамыз, сол кезде қар кесегінің суреті дайын болады. Сергіту сәті: Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды, Ойлы – қырлы жерлерден Ытқып, ытқып секірді. Енді орындарымызға отырып, сурет салуды одан әрі жалғастырамыз. 3.Қорытынды бөлім/итоговая часть: Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау - Балалар, бүгін біз ненің суретін салдық?? - Кім қалай салды екен, мен қазір бәрін қарап шығамын. - Балалар, қандай тамаша, - Жарайсыңдар, балалар! Бүгінгі оқу қызметінде бәрің бірдей қатыстыңдар, рақмет! Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар! Күтілетін нәтижелер:Қардың бұлттан пайда болатынын,жапалақтап қар жауатынын АКТ тех көріп түсінді; -Көк түс пен ақ түстің үйлесімділігін түсінді; -Тіс пастасы мен мақталы таяқша көмегімен қар кесегінің суретін салады;
Іс-әрекет түрлері	4К моделі:командада жұмыс жасау, сыни ойлау;бала үні,ойын,бақылау Саралау: баланың өз бетімен жұмысы, көмек көрсету Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні:жетелеуші сұрақтар. Ресурстар:Тақырыпқа сай көрнекіліктер, мақталы таяқша,қажетті бояу
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу.Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу.

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
 ІҮ-апта

Өтпелі тақырып: «**«МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ!»**»
 Апта тақырыбы: **«Жаңа жылдық сыйлықтар»**

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 30.12.2021ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	Педагог жетекшілігімен ойын: «Сипатта» ойыны
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Жап-жасыл шырша» Мақсаты: Шырша суретін «вилка» арқылы салу тәсілін көрсетіп, үйрету. Мақталы таяқшамен ойыншықтар салып безендіру. Суретті қызығушылықпен орындауға және әдемілікке тәрбиелеу. 1.1. Аудиожазбаны тыңдау Әдемі мерекенің келуін білдіретін әуен жазбасы қосылады. Кіріспе әңгімелесу. - Балалар, қыс мезгілінде біз тағы қандай мерекеге дайындаламыз? (Біз Жаңа жыл мерекесіне дайындаламыз). - Балалар, Жаңа жыл мерекесіне адамдар қалай дайындалады. (Шыршаны безендіреді, әндер мен билерді үйренеді). - Иә, дұрыс айтасыңдар. - Ал шыршаны адамдар қыста не себептен безендіретін болды? (Себебі шыршаның қылқаны жасыл, түсіп қалмайды). - Иә, адамдар көңілдері жылы болу үшін, жаз мезгілінен жасыл болып қалатын шыршаны ерекше жақсы көреді. - Шыршаны қайдан алады? (Шыршаны орманнан әкеледі). - Иә. Ал қазіргі уақытта шыршаны алуына байланысты қандай ережелер бар? - Иә, орман ағаштары өте ұзақ уақыт өседі. Ғажайып сәт. Топқа қолында шыршасы бар тиін келеді. Мұңайып тұрады. - Тиін сен неге ренжулісің? - Қолыңдағы ненің суреті? Балалар тиін сендерден шыршаны безендіруді үйренгісі келеді. Біз оған үйретеміз бе? Шыршаның түсі қандай болады? Геометриялық пішіндермен безендірілген шырша ағашының үлгісін көрсету. Үлгіні талдау. - Балалар тақтадағы шырша ойыншықтары немен безендірілген? - Ойыншықтардың пішіні қандай? Біз де бүгін шыршаны геометриялық пішіндермен әшекейлейік. Көрсету және түсіндіру. Шырша суретін «вилка» арқылы салу тәсілін көрсетіп, үйрету - Дөңгелекті солдан оңға қарай дөңгелете сызу. - Түстерді кезектестіріп бейнелеу. - Бояуды біркелкі қағаздан үзбей, таяқшаны баспай жеңіл, көтеріңкі жағу. Басқа пішіндерді де солай салуды көрсетемін. Сергіту сәті: Балаларға әдіс-тәсілдерді көрсеткен соң, сурет салуға нұсқаулық беріледі. Жұмыс барысында бақылау, жеке нұсқаулық беру, балаларға көмектесу. Жеке жұмыс: бояу түстерін дұрыс таңдауға көмектесу. 3. Қорытынды/итоговая часть: - Балалар бүгін бізге қонаққа не келді? - Біз сендермен нені безендірдік? - Оның түсі қандай?

	- Қандай мереке шырышсыз өтпейді? - Балалар, сендерге тиін рахмет айтып жатыр. Балалардың жұмыстарынан көрме ұйымдастыру. Балаларды мадақтау.
Іс-әрекет түрлері	4К моделі: командада жұмыс жасау, сыни ойлау; бала үні, ойын, бақылау Саралау: баланың өз бетімен жұмысы, қадағалау, көмек көрсету Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні: жетелеуші сұрақтар. Ресурстар: Сурет салуға қажетті үлестірмелі материалдар мен құралдар
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру. .
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу. .

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
 I-апта

Өтпелі тақырып: «ТАБИҒАТ ӘЛЕМІ»

Апта тақырыбы: «Айналамыздағы өсімдіктер»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 06.01.2022ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Жапырақсыз ағаштар» Мақсаты: Серуен кезіндегі бақылаудан кейінгі алған әсерлерін суретте бейнелеу. Қыстағы жапырақсыз ағаштың бейнесін бере білуді үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу <i>Жұмбақ жасыру.</i> <i>Аяз қысып, өрнек сызып,</i> <i>Терезені торлайды.</i> <i>Кейде, ұлып, кейде ысқырып,</i> <i>Ұйтқып боран соғады.</i> <i>Айтыңдаршы балалар,</i> <i>Бұл қай кезде болады?</i> <i>- Балалар, бұл қай кезде болады?</i> <i>- Қыста.</i> <i>- Қыста қандай ерекшеліктер болады?</i> <i>- Қыс мезгілінде қалай киінеміз?</i> <i>- Қыс мезгілінде қандай ойындар ойнаймыз?</i> <i>- Қыс мезгілі сендерге ұнай ма?</i> <i>- Дұрыс айтасыңдар балалар.</i> <i>Ал, қазір балалар дидактикалық ойын ойнайық:</i> <i>«Артығын тап»</i> <i>Мнемо кесте арқылы қыс туралы тақпақтар жаттау.</i> <i>Балалар шықты далаға,</i> <i>Ойнап, күліп жүр енді.</i> <i>Шаналармен азады,</i> <i>Аққаланы соғады</i> <i>Балалар жұмбақты шешеді.</i> <i>- Қыс мезгілінде</i> <i>- Дала суытып, қар жауады, боран соғады.</i> <i>- Қыста жылы киінеміз.</i> <i>- Иә, ұнайды.</i> <i>- Қар атыспақ, шаңғы тебеміз, шапамен сырғанаймыз, аққала соғамыз.</i> <i>Балалар ойынға қатысады. Тақпақ жаттайды.</i> <i>Іздену ұйымдастырушы</i> <i>- Балалар, қараңдаршы далаға. Дала аппақ тонға оранғандай. Ағаштарға назар аударайықшы, ағаштарымыз ағарып кетіпті, неге деп ойлайсыңдар?</i> <i>Дұрыс айтасыңдар, өйткені қыс мезгілінде қар жауады, айналаны басады.</i> <i>(Суреттердегі қысқы ағаштарды көрсету, әңгімелеу).</i> <i>Қыста ағаштар тіршіліктерін тоқтатпайды. Серуенге шыққанда бұтақтарын сындыруға болмайды. Ал керісінше түбіне қар үйінділерін үю керек.</i> <i>Балалар, біреу маған телефон соғып жатыр, қарап жіберейінші.</i> <i>- Алло, саламатсыз ба. Иә, бұл «Жұлдызша» тобы. Сен саяхатшы Дарасың ба?</i> <i>(Дара Африка елінде, оның тұрғындары қысқы ағаштарды көрмеген, сондықтан балалар қысқы ағаштардың суретін салып, суретке түсіріп Дараға жіберулері керек).</i> <i>Т: Балалар суретті салудың алдында саусағымызды жаттықтырып алайық.</i>

	«Қар жауып жатыр» жаттығуы. Қысқы ағаштың суретін тіс пастасын пайдаланып, саусақпен салу. (балаларға салу жолын көрсету). Балалардың суреттерін мақтау, суретке түсіріп Дараға жіберу. Сергіту сәті: «Қыс қызығы» Али мен Айяның әні. Дидактикалық ойын: «Қысқы ағашты табу». Шарты: Балаларға төрт жыл мезгілдерінің ағаштары көрсетіледі. Соның арасынан қыс мезгіліндегі ағашты тауып көрсетулері керек. Тәрелкедегі жармаға қысқы ағаштың суретін саусақпен салу. Суреттерін мақтау. Балалар далаға қарайды. Өйткені қыс мезгілінде қар жауады, ол айналадағы барлық заттарды басады. Балалар мұқият тыңдайды. Біз Дараға көмек береміз. Балалар саусақтарымен тіс пастасымен ағаштардың бұталарын салады. Балалар суреттерін көрсетеді. Сергіту сәтін тәрбиешімен бірге орындайды. Қысқы ағашты табады. Балалар қысқы ағаштың суретін жармаға саусақпен салады. Рефлексивті - түзетушілік Дидактикалық ойын: «Тиістісін тап». Шарты: балалардың алдында жасыл, сары жапырақтар мен ұлпақарлар болады. Балалар қысқы ағашқа тиістісін тауып, ұлпақарларды ағашқа жапсырады. Балалар қысқы ағашқа тиістісін тауып ұлпақарларды жапсырады. Күтілетін нәтижелер: Серуен кезіндегі көргендерін еске түсіріп қағаз бетіне бейнелей алады; -Табиғатты қорғап, сүйіспеншілікпен қарауды меңгерді;
Іс-әрекет түрлері	4К моделі: сыни ойлау; бала үні, ойын, бақылау Саралау: баланың өз бетімен жұмысы, қадағалау, көмек көрсету Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні: жетелеуші сұрақтар. Ресурстар: Сурет салуға қажетті үлестірмелі материалдар мен құралдар,
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу.

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
II-апта

Өтпелі тақырып: «ТАБИҒАТ ӘЛЕМІ»

Апта тақырыбы: «Жануарлар әлемі»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 13.01.2022ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	Құрлымдалған ойын: «Ненің ізі»
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Қорбаңдаған аю» Мақсаты: Қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыра отырып, аюдың ізін үлкен, кіші дақ түсіру арқылы қылқаламмен салуға үйрету. Жұмыс барысында белсенділігін дамыту 1. Ұйымдастырушылық кезеңі Қызықты сәт: Балалар біз бүгін қысқы орманға саяхатқа шығамыз. -Балалар, орманда қар жауып тұр екен. Орман ағаштары ақ қарға киініп тұр. Балалардың назарын далаға жаңадан жауған қарға аударады. Ол қандай? (таза, аппақ, жарқырайды) Қардан нені көруге болады? Бұл іздердің иелерін кім табады? (Адам, жануар, құстар). Дидактикалық ойын: «Аңдарды ізінен таны» 2. Негізгі бөлім/основная часть: (Тақтадан аюдың ізі мен даусы шығады) -Балалар, мынау ненің даусы екен? (аю) -Аюдың үйін, балалар, апан деп айтамыз. Аю қысқа жаздан бастап қамданады. Қыста ол өз апанына кіріп, ұйықтайды. Билингвалдық компонент: аю-медведь, апан-берлога (тақтадан қасқырдың даусы естіліп, ізі көрінеді) -Балалар, мынау ненің даусы, ненің ізі (қасқыр) Қасқыр-жыртқыш жануарға жатады. Қыс бойы жортып жүреді, жолда кездескендердің бәрін жейді. Оның үйінде апан деп айтамыз. -Балалар, қасқырдан байқап жүру керек. Оның ізі үшкір болады. Өйткені, оның тырнақтары бар. Билингвалдық компонент: қасқыр-волк. (Тақтадан қоянның даусы шығып, ізі көрінеді) -Мынау кішкентай қоян. Қоян жазда сұр түсті, ал қыста ақ түсті болады. Қыста қар жамылған шырша бұтақтары мен бұталардың түбін паналайды. Ағаш қабығымен қоректенеді. Ізі оның кішкентай, өйткені, өзі кішкентай. Оның үйін ін деп айтамыз. Билингвалдық компонент: қоян-заяц. (Тақтадан түлкінің даусы шығып, ізі көрінеді.) Ал мынау түлкі. Ол да қасқыр сияқты жортып жүреді. Кездескен кішкентай жануарларды жейді. Оның үйін апан деп атаймыз. Билингвалдық компонент: түлкі-лиса. Балалар, сендер орманда көп нәрсе білдіңдер. Ал, енді бәріміз бақшаға қайтайық. Сергіту сәті: Музыкамен шаңғы тағып орманнан балабақшаға әртүрлі қимылдар жасап, қайтады. Балалар біз орманда көрген аңдардың іздерін салсақ қайтеді. Сендердің алдарыңда ақ қағаз, сендер оны «қар жамылған дала» деп елестетіңдер. Осы ақ қардың үстіне бояумен із түсіріп көрейік. Көрсету және түсіндіру. Қылқаламның ұшын қатты баспай, кішкене-кішкене дақтар түсіре отырып іздерді саламыз. Қоян секіріп-секіріп жүретіндіктен, арасын алишақ немесе жақын да орналастыруға болады. Мақта таяқшаларымен дақтар қалдыру арқылы аюдың ізін салу. Балалардың өзіндік жұмыстары.

	Жеке жұмыс: қылқаламды дұрыс ұстауға үйрету. Д/о: «Не қайда тұрады?» 3.Қорытынды: -Балалар, сендерге орманда болған ұнады ма? -Қандай жануар қысқы ұйқыға жатады? -Қандай жануардың түсі өзгереді? -Қоян немен қоректенеді? -Түлкі қыста қайда тұрады? -Біз ненің іздерін салдық? Жұмыстарын бағалап көрме ұйымдастыру. Күтілетін нәтижелер:Қылқаламмен сурет салу дағдылары қалыптасты; -қылқаламмен үлкен кіші дақ түсіру арқылы аюдың ізін салады; -Жұмыс жасауда белсенділік танытады;
Іс-әрекет түрлері	4К моделі: сыни ойлау; бала үні, ойын, бақылау Саралау: баланың өз бетімен жұмысы, қадағалау, көмек көрсету Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні: жетелеуші сұрақтар. Ресурстар: Қыс мезгілінің суреттері, ақ қағаз, гуаш, губка, қылқалам
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу. Балаларға үйден қылқаламмен жұмыстануға кеңес беру.

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
 III-апта

Өтпелі тақырып: **«ТАБИҒАТ ӘЛЕМІ»**

Апта тақырыбы: **«Қыстайтын құстар»**

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 20.01.2022ж
	«Балдаурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Құстың ұясы» Мақсаты: Қыстап қалатын құстар, олардың қысқы тіршілігін АКТ бойынша көрсетіп аңгімелеу. Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелей отырып, құстың ұясын салуға үйрету. -Қазір бізде қандай жыл мезгілі? «Ұя» Мақсаты: Пішіндер арқылы құрастыру. Құстарға ұя салу технологиясы. 1) Дәптер ортасына нүктелер салғызу Кеңістікті дұрыс пайдаланып, дәптердің ортасына қарай төрт нүкте салады. (қарындашпен) 2) Нүктелерді қосқызу Нүктелер арқылы төрт қабырғаларын қосады. 3) Шаршы ортасына дөңгелек пішін бастыртып салғызу Төбесін үшбұрыш басу арқылы салады. Таратпалы үшбұрыш ортасы яғни шаршының ортасына дөңгелекті басып салады. Ол – әйнек. 4) Суретті бояту Құстай қанат қағамыз, Қарлығаш боп ұшамыз. Бір отырып, бір тұрып, Орнымызды табамыз. Көрме ұйымдастыру -Балалар біз құстарға қамқорлық жасадық па? -Құстарға ұяны қалай жасадық? Балаларды мақтау. Күтілетін нәтижелер: Қыстап қалатын құстар тіршілігін АКТ бойынша бейнежазба қарап түсінік алды; -Құстарға қамқорлық жасауды біледі; -Жылы ұя салу жолдарын үйренді;
Іс-әрекет түрлері	Мимикалық жаттығу: «Торғайлар», «Саусақ гимнастикасы Балапандар» 4К моделі: сыни ойлау; бала үні, ойын, бақылау Саралау: баланың өз бетімен жұмысы, қадағалау, көмек көрсету Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні: жетелеуші сұрақтар. Ресурстар: Тақырыптық суреттер, қажетті материалдар

<i>Балалармен жеке жұмыс</i>	<i>Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру.</i>
<i>Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес</i>	<i>Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу. Балаларға ағашқа ілінген ұяларды көрсетуге кеңес беру.</i>

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина


Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
 ІУ-апта

Өтпелі тақырып: «**ТАБИҒАТ ӘЛЕМІ**»

Апта тақырыбы: «**Ғажайып қыс**»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 27.01.2022ж
	«Балдаурен»ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Сүңгі мұздар» Мақсаты: Тік сызықтармен сүңгі мұздар салуға Жұмбақ жасыру: Өзі суық, төбеде аққан қар. Бұл не? Суретпен жұмыс. Балалар мынау суретте не көріп тұрсындар? Сөздікпен жұмыс Мұз- - ол қатып қалған су. Суық болады. Әр бала: мұз- - ол қатып қалған су,деп қайталайды Қылқаламның көмегімен қағаз бетіне жоғарыдан төмен қарай үзік сызықтар түсіреді. Қағаз бетін толық пайдалануға мүмкіндік беру. Сергіту сәті Бала, бала, балақан! Кәне, қайсы алақан? Саусақтарын әйбат Былай, былай ойнат. Таза және ұқыпты жұмыс істеуге тәрбиелеу. «Қандай түс?» дидактикалық ойыны. Ойын шарты: тәрбиеші түрлі-түсті ойыншықтарды көрсете отырып, олардың түстерін сұрайды. Балаларды мадақтау. Балалар салған суреттерден көрме ұйымдастыру. Күтілетін нәтижелер: Қылқаламмен дақ түсіруді үйренеді; -Сурет салуда қызығушылық танытады;
Іс-әрекет түрлері	4К моделі: сыни ойлау; бала үні, ойын, бақылау Саралау: баланың өз бетімен жұмысы, қадағалау, көмек көрсету Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні: жетелеуші сұрақтар. Ресурстар: Торғай суреті, қажетті материалдар
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу. Балаларға үйден қылқаламмен жұмыстануға кеңес беру.

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина


Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
 I-апта

Өтпелі тақырып: «БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ»»
 Апта тақырыбы: ««Ғажайыптар әлемі»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 03.02.2022ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: ««Қар мүсіндерін бояймыз» Мақсаты: Балабақша ауласындағы қардан жасалған мүсіндерді таныстыру. Олардың түсін өзгерту үшін дайындалған бояуларды мүсіндерге жағып табиғаттың ғажайыбына қызығушылықтарын ояту. Жұмбақ жасыру. Аяз қысып, өрнек сызып, Терезені торлайды. Кейде, ұлып, кейде ысқырып, Ұйтқып боран соғады. Айтыңдаршы балалар, Бұл қай кезде болады? - Балалар, бүгін далада қар жауып тұрғанын байқадыңдар ма? - Сендердің ойынышықтарың да қардың жауып тұрғанын көргілері келеді, не істесек екен? Ендеше, балалар, біз ойынышықтарға жауып тұрған ақ үлгілдек қардың суретін қылқаламның көмегімен салып берейік. - Балалар, бүгін далада қар жауып тұрғанын байқадыңдар ма? - Сендердің ойынышықтарың да қардың жауып тұрғанын көргілері келеді, не істесек екен? Ендеше, балалар, біз ойынышықтарға жауып тұрған ақ үлгілдек қардың суретін қылқаламның көмегімен салып берейік. Терезеден жан-жақтарыңа, үйлердің төбесіне, ағаштарға, жолдарға қарасаңдар, барлығы ақ ұлпа қар жамылған. - Қардың түсі қандай? - Қарды тағы қандай деп айтуға болады? Балалардың алдында бұлттың суреті салынған парақ қағаздардың тұрғанын ескерте отырып, ақ ұлпа қарларды қалай салуға болатынын тәрбиеші көрсете отырып түсіндіреді. - Жіңішке қылқаламды ақ гуашьқа батырып, қысқа түзу сызық сызамыз, оның үстінен тағы көлденең қысқа сызықтар сызу арқылы суретті толықтырып, ақ ұлпа қарды бейнелейміз. Бұл ұлпа қар қиыршықтары екенін біліп алыңдар. Тәрбиеші өзі тағы қайталап көрсетеді. Балалардың қағаздың бетін толық пайдалануларын қадағалайды. Жұмыс соңынан қылқаламдарын тазалауды ұсынады. Сергіту сәті: Тәрбиеші көлденең және түзу сызықтар салуға қиналған балаларға көмектесіп, бағыт-бағдар береді. Жұмыстарын аяқтаған соң, көрме ұйымдастырады. Балалар жұмыстарынан көрме жасату. Балаларды мадақтау. Күтілетін нәтижелер: Қардан жасалған мүсіндерге, оларды бояуда қызығушылық танытады;
Іс-әрекет түрлері	4К моделі: сыни ойлау; бала үні, ойын,

	бақылау Саралау: баланың қызығушылығы, іс-әрекеті Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні: жетелеуші сұрақтар. Ресурстар: Ауладағы қар мүсіндері, бояулар Күтілетін нәтижелер: Қардан жасалған мүсіндерге, оларды бояуда қызығушылық танытады;
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру. .
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу. .

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

II-апта

Өтпелі тақырып: «БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ»»


Апта тақырыбы «Көліктер»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 10.02.2022ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	«Артығын тап» қысқы ойын құралдарына жатпайтын ойын құралдарын табады
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Қысқы көлік-шана» Мақсаты: Қысқы ойын құралдарының бірі-шана туралы айту. Шананың ойын құралы және бала үшін көлік екенін түсіндіру, суретін салғызу. Жұмыс барысында балалардың белсенділігін дамыту. Қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру - Балалар бәріміз орнымыздан тұрып үлкен шеңбер жасайық. Балалар табиғатпен апайлармен амандасып алайық. Шаттық шеңбері Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса, Сәлем саған Жер ана! Сәлем саған Күн ана! Аман – есен болайық. Бейбітшілік қалайық! Балалар бір жылда неше жыл мезгілі бар ? Олар: (Қыс, көктем, жаз, күз) Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын. Кім шешуін табады? Аяз қысып өрнек сызып Терезені торлайды . Қарға омбығып , бат домбығып Балдырғандар ойнайды Кейде ұлып , кейде ысқырып Ұйтқып боран соғады Бөбектерім айтыңдаршы Бұл қай кезде болады? Қазір жылдың қай мезгілі? - Қазір жылдың қыс мезгілі. -Қыс мезгілінде көптеген өзгерістер болады . күн суытып аяз, боран болады, құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Қыс мезгілінде қандай ойындар ойнағанды жақсы көресіңдер . Қыста шанамен сырғанаймыз, аққала жасаймыз, қармен ойнаймыз. Ендеше тақтадағы суреттерге қарайықшы . Тақтадағы қандай ойындар көріп отырсыңдар балалар шанамен ойнап жатыр , ақала жасапты. Аққаланы жасау үшін қарды дөңгелек үлкен, орташа және кішкентай дөңгелектер жасап бір-бірінің үстіне қойып жасайды екен. Балалар бізге қонаққа аққала келіпті. Аққаламен амандасайық. -Сәлеметсіңдерме балалар ? -Менің немін білесіңдерме? Өте жақсы балалар. Балалар менің мұрным неден жасалатынын білесіңдерме? Ал, сәбіз неге жатады?

	Сәбіз көкөністерге жатады Балалар білесіңдерме? Мен көкөністермен жемістерді жақсы көремін. Ал күн жылып қар еріп көктем шыға бастағанда мен әлсізденемін сондықтан күш жинау үшін дәрумендер жеу керекпін . Сол үшін мен дәрумендер еліне кетіп бара жатырмын. Балалар бірақ менің шанам сынып қалыпты. . Сендер маған шананың суретін салуға көмектесіңдеме. -Енді бәріміз, сәнді шананың суретін салып көрейік. Балалар біздер суретімізді салмас бұры қауіпсіздік ережесін есімізге түсірейік. Қылқаламмен жұмыс жасаған кезде қылқаламды ауызға салуға болмайды. Қылқаламның ұшын ғана субояққа батырамыз. Суды ішпейміз, төкпейміз. Жасалу жолдары: -Алдымен қарандашпен шананың суретін бастырып салып аламыз. Сонан кейін қылқаламмен шананың екі жолағын сызып аламыз, бұл шананың сырғанайтын табаны болады. -Жіңішкелеп қаламмен отыратын бөлігіндегі таяқшаларды сызып саламыз.Балалар сурет салған кезде қылқаламды аузымызға салмаймыз. Балалар жауып тұрған қардың суретін салып бересіңдер ме? - Дұрыс айтасыңдар енді орнымыздан тұрайық сергіту сәтін жасайық. Жүріңдер балалар Сырғанақ тебеміз Құрыспай, құрыштай Шынықсын денеміз Баяққа бау тағып Шаңғыңды майлап ал Биалай , малақай Бәрінде сайлап ал. Балалар орыс тілінде Қыс-зима, қар-снег, аққала-снеговик деп атайды екен, кәне бәріміз қайталайық. - Енді балалар ойын ойнайық Д. о «Ойлан тап» (Қыс мезгіліне байланысты суреттерді тақтаға жапсырады) - Қыс мезгілі сендерге несімен ұнайды? Балалар мен туралы, қыс туралы қандай тақпақтар білесіңдер? Балалар сендер қыс мезгіліне байланысты тақпақтар білесіңдер ме? Ендеше қыс мезгіліне арналған тақпақтарымызды айтайық. 1. Жарайсыңдар балалар ! - Балалар алдымыздағы беттің түсі қандай? Қардың түсі қандай? Балалардың ұқыпты жұмыс жасауларын қадағалау. Балалардың жауаптарын толықтыру,балаларды мадақтау,жұмыстарын бағалау,оқу іс-әрекетін тәмандау. - Көрдiңдер ме балалар қыс мезгiлi қандай тамаша. Балалар аққала неше бөліктен тұрады? - Жақсы балалар сендер қыс мезгілін білдіңдер. - Рахмет сендерге балалар тамаша сурет салдыңдар. Күтілетін нәтижелер:Қысқы ойын құралдарын ажыратады; -Шананың пайдасын біледі; -Қылқаламмен сурет салуды меңгерді;
Іс-әрекет түрлері	4К моделі: сыни ойлау;бала үні,ойын, бақылау

	Саралау: баланың өз бетімен жұмысы, қадағалау, көмек көрсету Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні: жетелеуші сұрақтар. Ресурстар: Сурет салуға қажетті материалдар, қысқы ойын құралдары
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу.

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
 III-апта

Өтпелі тақырып: **«БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ»»**
 Апта тақырыбы: **«Техника және біз»»**

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 17.02.2022ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	«Не зат, не үшін керек?» ойыны.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Телефон тұтқасының сымын жалға» Мақсаты: Балаларға дайын телефон суретіне қарандашпен сызық қосу арқылы телефон тұтқасын сала білуге, сурет салу құралдарын ұқыпты пайдалануға үйрету. Балалар, біз оқу қызметімізді бастамас бұрын, ойын ойнап кетейік. Ойынның аты: «Не зат, не үшін керек?» деп аталады. Ойынның шарты: балалар шеңберде тұрып бірінші бала техника бұйымдарының атын атайды екінші бала қажеттілігін айтады. Мысалы: үтік – киімдерді үтіктеу, тоңазытқыш – азық-түлікті сақтау. (балалар ойынды қызыға ойнайды) II. Негізгі бөлім: Дұрыс айтасыңдар! Осы заттар барлығын Тұрмыстық техника деп атаймыз. Осы тұрмыстық техниканың ішінде біз: «Телефонды» зерттейік. -Ал, енді, тақтаға назар аударайық. Тақтада телефон суреттері. «Телефон – байланыс құралы» Алғашқы телефонды ойлап тапқан американдық ғалым А.Т.Белл. Ол құрылғыны 1876 жылы ойлап тапқан. Содан бастап адамдар оны байланыс құралы ретінде пайдаланылады. Бірақ біз оны еріккеннен біреумен ойнау үшін немесе қорқыту үшін пайдаланбауымыз керек. • Егер үйде жалғыз қалып өрт шықса, телефонның қандай нөмірін тересің? (01) • Бұзақылар, ұрылар, мазаңды алса ше? (02) • Бөпең немесе апаң ауырып қалса ше? (03) • Егер үйде газдың иісі шығып тұрса ше? (04) «Кел, сөйлесейік!» - дейді. Ең алғаш телефон соққанда, телефон соғып тұрған адам не істеу керек? (Амандасу керек) Соңынан ше? (қоштасып кету) - Ал біз сөйлесе аламыз ба? Қане сөйлесіп көрейікші. - Дәрігермен. - Өрт сөндірушімін - Апаймен. (Балаларды рөлге ендіріп сөйлету, сөйлеткендерін талдау. Қандай қате кетті?) Телефонның әр түрімен таныстырып кету • Қазір көп пайдаланып жүргеніміз – ұялы телефон. Оның зиянын айтып кету және де оны 15 жасстан кейін ғана пайдалануға болатынын түсіндіріп кету. телефон құрылысымен таныстыру. Бүгін біз дайын телефон суретіне қарандашпен сызық қосу арқылы телефон тұтқасын сала білуге, сурет салу құралдарын суретін саламыз. Салу жолын

	түсіндіру. Сергіту сәті: Телефон Әй, телефон, телефон, Мамаң келіп бұраса. Кім керегін сұраса, Тез шақырып келесің, Айтқанына көнесің, Әй, телефон, телефон, Ал мен келіп бұрасам, Кім керегін сұрасам, Тыңдамайсың бірін де, Гүлдейсің, мұның не? Балалар орындарына отырып ұялы телефон суретін салады. «Иә, жоқ» - ойыны Ойынның шарты: берілген сұрақтарға «Иә», немесе «жоқ»-деп жауап беру. Сұрақтар: Ересектерсіз үтікті қосу? (жоқ) -Батерейкалы ойыншық машинамен ойнау? (иә) — Кір жуатын машинаға қолды салу? (жоқ) — Робот машинамен ойнау? (иә) Ұялы телефонды көп пайдалануға бола ма? (жоқ) Қорытынды: сұрақ жауап арқылы қорытындылау, жақсы салған балаларды мадақтау Күтілетін нәтижелер: Телефонның пайдасы және ұялы телефонның зияны туралы түсініктерін кеңейту; -Сурет салу құралдарын ұқыпты пайдалана алады;
Іс-әрекет түрлері	4К моделі: сыни ойлау; бала үні, ойын, бақылау Саралау: баланың өз бетімен жұмысы, қадағалау, көмек көрсету Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні: жетелеуші сұрақтар. Ресурстар: Сурет салуға қажетті материалдар, ақ парақ қағазға салынған телефонның суреті
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу. Телефонның пайдасы және ұялы телефонның зияны туралы кеңес беру


Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
ҮІ-апта

Өтпелі тақырып: «БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ»
Апта тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 24.02.2022ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	«Кімге қай зат тиесілі?» ойыны.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Үй саламыз» Мақсаты: Мамандық түрі-құрылысшы туралы түсінік беру. Сендер тұратын үй, сендер келетін балабақшаны құрылысшылар салады т.б туралы әңгіме жүргізу. Үлкендер еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу Балалар бір -біріне деген жылы тілектерін айтады. Балалар, бүгін бізге қонаққа екі қуыршақ келінті. Күн суытып келеді, ал қуыршақтардың тұратын жері жоқ екен. Бұл қуыршақтар сендерге қайда тұрғысы келетінін айтады. Біздің үй (Ғ.Өкеев) Қалаушы да табылды, Үй салынды, жабылды, Қосып құмға лайды. Сылақшылар сылайды. Тезерек, есік, едені, Қиюласты әдемі. Құрылысшы боламыз, Зәулім үйлер саламыз. Балалар, үйді кімдер тұрғызады? (Педагог балалармен әңгіме жүргізеді). Әртүрлі үйлердің суреттерін көрсетеді. Олардың терезелері, Есіктері, шатырларының көлемдеріне көңіл аудартады, салыстырады, қаланың, ауылдың үйлерінің суреттерін көрсетеді. Үйді салу жолдарын түсіндіріп, суретті аяқтатады. Бір қабатты үй. 1. Бір қатарға екі терезе салу үшін жоғарыдан төмен қарай түзу сызық сызылып, шаршы жасалады. 2. Есігі тік төртбұрышқа ұқсайды. 3. Шатыры үшбұрыш болы келеді, парақтың жоғарғы жағына нүкте қойып, әртүрлі жаққа екі сызық жүргізіледі. Бой сергіту: Мен құрылысшы боламын, Зәулім үйлер саламын. Өз қаламды көркейтін, Ел алғысын аламын. Көп қабатты үй. Бірнеше қатарға (3- 5 қабатты үйлерде) терезелер салынады. Қабаттардың арасында қылқаламды оңға, солға жылжыта отырып салу керек. Үйдің түсі күлгін, ашық жасыл, көк болғаны дұрыс екенін түсіндіреді. Терезе, шатыр, есіктердің шеттерін бояу керектігі айтылады. Күтілетін нәтижелер: Құрылысшы мамандығы туралы түсінік алады; -Қарандашпен сурет салуды меңгереді;
Іс-әрекет түрлері	4К моделі: сыни ойлау; бала үні, ойын,

	бақылау Саралау: баланың өз бетімен жұмысы, қадағалау, көмек көрсету Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні: жетелеуші сұрақтар. Ресурстар: Сурет салуға қажетті құралдар, тақырыптық суреттер
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру. .
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу. Әр мамандық иелерінің қызметі туралы айту.

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
 ҮІ-апта

Өтпелі тақырып: **«САЛТТАР МЕН ФОЛЬКЛОР»**
 Апта тақырыбы: **«Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»**

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Сәрсенбі 03.03.2022ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	П/Ж ойын: «Қандай пішін?»
	Құрылымдалған ойын: «Сыйлық жасаймыз»
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Орамалды безендіру» Мақсаты: Қағазға бастырмамен жұмыс істеу арқылы, орамалды геометриялық пішіндермен безендіруге үйрету Шаттық шеңбері «Үгәй-ай» әнімен Үгәй, үгәй әніміз Арпа-бидай дәніміз Ашық болып аспаным Сәтті болсын күніміз! - Бәрекелді, балалар өте әдемі тілек айттыңдар, рахмет! - Саламатсыңдар ма балалар? Мен аула сыпырушы апаймын, мына көктем мезгілінің суығын-ай, есіктің алдын сыпырып жүр едім, қатты жел тұрып, басымдағы орамалды ұшырып әкетті, онымен қоймай жаңбыр жауып кетті ғой. - Апай сіз шаршап, жаураған шығарсыз, отырып дем алыңыз. - Балалар апайға көмектесейік. -Апайға әдемі орамал жасап береміз бе? - Балалар, орамал әр-түрлі болады. төрт бұрышты, үш бұрышты, гүлді, әртүрлі өрнекті, түрлі түсті немесе аппақ бір түсті болады. Орамалды әжесілер, мамалар бастарына тартады. Жұқа, қалың түрлері де болады. - Аналарының, апаларының, әжесілерінің орамал таққанын көргендерін бар ма? -Орамалдың пішіні қандай болады? - Біз бүгін апайға ерекше орамал сыйлаймыз. Орамалға өрнек саламыз. -Мына суретте қандай өрнекті көріп отырсыңдар? -Өрнек неге ұқсайды? Өрнекке зер салып қарасақ өрнек балтаға ұқсайды. -Орамалды безендіру үшін ең алдымен төртбұрыш саламыз. Төртбұрыш ішін түсті бояумен бояймыз. Орамалды бояп болған соң балта өрнегін саламыз. Сергіту сәті. «Отбасында нешеуіміз?» Бас бармағым – атам, Балан үйрек -әжем, Сұқ саусағым - әкем. Шылдыр шүмек –анам, Кішкене бөбек- мен Отбасында нешеуіміз? Отбасында бесеуіміз. орамал суретіне балта өрнегін салады. Қимылмен орындайды. - Балалар орамалды сендер өте әдемі етіп әшекейлепсіңдер, бәрекелді, жарайсыңдар! - Орамалымыздың түсі қандай? - Пішіні ше? - Орамалды кімдер тағады? - Аула сыпырушы апай қай орамал көңіліңізге қатты ұнап тұр таңдап алыңыз. (аула сыпырушы апай балаларға баға беріп өзіне несімен ұнағанын айта отырып орамал таңдайды) Д/ойын: « Суретті есіңе сақта» Мақсаты: Көру есін зейінін дамыту. Керекті-құралдар: Ойын карточкалары бала санына қарай. Шарты: Тәрбиеші әр балаға ойынға арналған карточкаларды таратады және зейін қойып назарларын аударуды сұрайды. Әр бала карточкадағы суретті қарап, көзін жұмып суретте не орналасқанын айтады.

	<i>Релаксация. Орамалды сыйқырлау. Балалар үстелді айналып тұрады, ең әдемі жасалған орамалды сыйқырлайды. - Ой, балалар, қандай кереметсіңдер, өздерің кіп-кішкентай шебер сыйқыршысыңдар ғой, рахмет сендерге, осындай ұқыпты, таза, әдемі балалар болып жүре беріңдер, күн басылыпты (терезеге қарап) мен барып жұмысымды жалғастырайын. Сау болыңдар.</i> Күтілетін нәтижелер: Геометриялық пішіндерді ажыратады; -Бастырмамамен жұмыс жасауды меңгереді;
Іс-әрекет түрлері	4К моделі: сыни ойлау; бала үні, ойын, бақылау Саралау: баланың өз бетімен жұмысы, қадағалау, көмек көрсету Бақылау: тікелей бақылау, жанама бақылау Бала үні: жетелеуші сұрақтар. Ресурстар: Үлгі ретінде безендірілген орамал суреті, геометриялық пішінді бастырмалар
Балалармен жеке жұмыс	Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру. .
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттерімен бөлісу.

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

3-апта 07.03-11.03.2022ж

Өтпелі тақырып: «Салттар мен Фольклор»

Апта тақырыбы: «Ертегілер елінде.Театр әлемі»

Сурет салу педагогы:А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 10.03.2022ж
	«Балдаурен»ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	Моншақ туралы жаңа тақпақ жаттауды үйренеді
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы:«Тікенекті кірпі (заттық сурет салу)» Мақсаты: Балаларға қолжетімді құралдармен қарпайым суретті салуды үйрету.Балалардың тікенекті кірпі жайлы түсініктерін жетілдіру.Қысқа түзу сызықтарды сызу арқылы кірпінің суретін салуды үйрету Шаттық шеңбері Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз. Үлкендерді құрметтеп Бас иеміз біз. Жұмбақ шешкізу Тұмсығы бар түймеден, Тон жамылған инеден. - Дұрыс, кірпі. Слайд. Кірпінің дене құрылысы, өмір сүру жағдайы туралы ақпарат беру. Ғажайып сәт.Кірпі: - Сәлеметсіздер ме балалар? Қарандаршы балалар қандай әдемі кірпі қонаққа келді Балалар кірпі тікенекті бауырсаққа ұқсайды , тұмсығы ұшты , көздері қара моншақ сияқты. Кірпі: Ал мен туралы не білесіңдер? Тақпақ Тұмсығында түймесі Дөп тұрғандай тимеші Азулыдан сақтайтын Кірпінің көп инесі Кірпі өзімен бірге өзі туралы қызықты суреттерін алып келіпті , көргілерін келе ме? Слайд көрсетеді Артикуляциялық жаттығу , дыбыстық жаттығу : ф – ф – ф Балалар енді кірпі өзінің басынан өткен бір оқиғаны айтып бергісі келеді Ертегі: «Кірпі қалай тонын ауыстырады» Балалар кірпі өте көңілсіз болып тұр оған көмек керек , көктем келген де кірпінің інін су басып кетіпті. Оның достарының суреттері су болып , бүлініп қалған. Енді біз кірпіге көметесін достарының суреттерін салып берейік. -Суретті балалар бүгін қылқаламен , шанышқымен саламыз. -Кірпінің басын үшбұрышпен , денесі сопақша , тікенектері шанышқыны пайдалана саламыз. -Кірпіні қандай түспен саламыз? -Көзін мұрнын қандай түспен саламыз? Саусақ ойыны арқылы сергіту жаттығуын жасайды Кірпі жолмен жүреді Саңырауқұлақты көреді Оны санамақ болып 1,2,3,4,5. Бір отырып , бір тұрып Оңға , солға қарады Кірпі достарының суреттерінен өзіне альбом жасап алады. Ойын: «Кірпіні тамақ тандырамыз» Мақсаты: балалардың іс – әрекет бойынша алған білімдерін қорытындылау, ұсақ қол қимылдарын дамыту.

	<i>Оқу қызметі ойынмен қорытындыланады</i>
<i>Іс-әрекет түрлері</i>	<i>Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау</i>
<i>Балалармен жеке жұмыс</i>	<i>Шанышқыны дұрыс ұстауға үйрету</i>
<i>Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар</i>	<i>Бүгінгі оқу қызметіндегі балалардың көңіл күйлері туралы айту</i>

Бекітемін: Шеңер
әдіскер: С.Б.Жанбырышина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

4-анна 14.03-18.03.2022ж

Өтпелі тақырып: «Салттар мен Фольклор»

Апта тақырыбы: «Өнер көзі-халықта»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 17.03.2022ж
ҰОҚ дайындық	«Балдаурен» ортаңғы тобы
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Моншақ туралы жаңа тақпақ жаттауды үйренеді Тақырыбы: «Түрлі-түсті моншақтар» Мақсаты: Сурет салудың дәстүрден тыс тәсілін үйрету, саусақ арқылы моншақтың суретін салуға үйрету. Бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу. Шаттық шеңбері Біз әдепті баламыз, Біз ерекше боламыз. Амансың ба, достарым?! Сіздерді көрсем қуанам Тосын сәт: Осы кезде топқа қыз бала кіріп келеді. -Сенің атын кім? Сен неге жылап тұрсың? Қыз бала: Менің атым Динара, ал мен моншағымды жоғалтып алғандықтан жылап жатырмын. Сен моншақты қайда жоғалттың? Қыз бала: Мөлдір көлдің жағасына бардым, Құммен жүрдім, тас жинадым. Моншағымды соңда жоғалттым, Әрі іздедім, бері іздедім. Моншағымды табалмай, Қатты мен шаршадым. (жылайды) -Динара сен жылама біз балалармен саған көмектесеміз моншағынды тауып береміз. -Балалар, біз Динараға көмектесеміз ғой? Динара сен мына қуыршақты алып ойна, демал. Біздің мына жерде де көп ойыншықтарымыз бар соларды ал. (Үнтаспаға ағып жатқан судың, құстардың дыбысын қою) Ендеше балалар жолға жиналайық, өзімізге сәттілік тілейік. Балалар біз құм жатқан жерге келдік. -Ал, Динара құммен ойнады ғой, мүмкін осында моншағын жоғалтты. -Балалар құммен не істеуге болады? -Балалар сендер құмның арасынан моншақты таптындар ма? -Балалар, қолдарымызды қағып әрі қарай моншақтарды іздеуге барайық. -Ой, балалар қарандаршы мынау тастар ғой жатқан, ал Динара тастарды жинады. Мүмкін осында да моншақтар бар шығар, тастардың астарын қарап моншақтарды іздейік. -Балалар, тастар қандай қатты ма, жұмсақ па? -Балалар мына жерде моншақтар көбірек екен, оларды жіпке кигізейік. -Балалар қарандаршы біз тұнық судың қасына келдік. Балалар қолдарымызбен суды қарайық. Су қандай? Судың түбінде тастар бар ма? Ой балалар, мынау біз іздеп жүрген Динараның моншақтары ғой. Балалар тастар мен моншақтар көрініп тұр неге? -Балалар біз моншақтарды судан алып Динараға тезірек апарайық. -Балалар алтын балық бізге бірдеме айтып жатқан сияқты (құлағын түріп тындайды) -Балалар ол моншақтар судың түбін сәндетіп жатыр, біз оларды алып ал орнына моншақтардың суретін салып берейік -Ақ қағазға саусақ арқылы моншақ суретін салады

	-Балалар сурет салып болған соң қолдарын жуғанда,қолдарына жағылған бояулар судың түсін өзгертіп әдеміленеді. Барлық моншақтарды жіпке іліп Динараға апарып берейік. -Ой, балалар қарандаршы мына жерде біреудің іздері жатыр, біз осы іздермен жүріп топқа тез оралып Динараға моншағын берейік. Қорытындылау:Динара балалардың оның моншақтарын тауып алғандарына қуанады, балаларға рахметін айтып өзінің сыйлығын береді.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау,бала үні.Ашық,жетелеуші сұрақтар.Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау,жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Бояулармен ұқыпты жұмыстануды игерту
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес,ұсыныстар	Бүгінгі оқу қызметіндегі балалардың көңіл күйлері туралы айту

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

1-апта 21.03-25.03.2022ж

Өтпелі тақырып: «Салттар мен Фольклор»

Апта тақырыбы: «Нұр төккен, гүл көктем»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 24.03.2022ж
ҰОҚ дайындық	«Балдәурен» ортаңғы тобы
	«Жаңбыр» тақпағын жаттайды
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Жаңбыр» Мақсаты: Жоғарыдан төменге қарай жауған жаңбырды бейнелету. Жаңбырдың табиғат үшін пайдасы туралы әңгімелеу. Қоршаған табиғат сұлулығын көре білуге тәрбиелеу. Шаттық шеңбері: Табиғат біздің-анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. Балалар мен сендерге қазір өлең оқимын, сендер тыңдаңдар. «Жаңбыр» - Тырс! Тырс! Жаңбыр кеп жауады, Терезе қағады. - Тырс! Тырс! Жылгалар ағады, Сылдырап әуенге салады. - Балалар бұл тақпақта не туралы айтылды? - Жаңбыр қайда жауды? - Кім жаңбырдың астында жүріп көрді? - Балалар, қазір суреттер қарайық. Суретпен жұмыс - Нені көріп тұрсыңдар? - Бұлттан не жауып тұр? - Көк түсті бояуды көрсетіп түсіндіреді. - Көк түсті не болады? - Тамшының пішіні қандай? - Балалар біз бүгін жаңбыр тамшыларының суретін саламыз. Жаңбырдың суретін қалай салу керектігін түсіндіріп, көрсетеді. - Ол үшін сурет салу құралдары мен қажетті түсті дайындап алады - Жаңбыр тамшысын салған кезде, ұнтаспадан жаңбыр дыбысы естіліп тұрады. - Балалар жұмыс жасар алдында саусақпен ауада жаттығып көреді. - Балалардың жеке жұмысы. - Балалар жұмысын қадағалап, мадақтап жұмыстарына, көмек береді. Саусақ қол жаттығулары «Жаңбыр жауды» Жаңбыр қалай жауды. Алдымен жәй жауды. Саусақ ұшымен үстел үстін соғып тырсылдатады. Содан кейін қатты жаңбыр жауды. Үстелді қаттырақ соғады. Жақсы қатысып, суретті ұқыпты салған балаларды мадақтау.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Бояулармен ұқыпты жұмыстануды игерту
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Баланың сурет салуда еркін тақырыпты өзі таңдауына мүмкіндік беру

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

2-апта 28.03-01.04.2022ж


Өтпелі тақырып: «Көктем келді,құс келді»

Апта тақырыбы: «Көктем жаршысы-құстар»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 31.03.2022ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	Оқу қызметіне қызығушылық туғызу, ойындар арқылы бала белсенділігін дамыту
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Балапандар көк шалғында» (сюжеттік сурет салу) Мақсаты: Балалардың сұқ саусақпен және фломастермен қарапайым сюжеттердің суреттерін салуға қызығушылықтарын арттыру. Эстетикалық талғамдарын арттыру, ұқыпты, таза жұмыстануға тәрбиелеу. Шаттық шеңбері Ән салуға барамыз Досымызды табамыз Сәлем досым міне мен Доспын енді сенімен Жұмбақ жасыру: Қиқу салып бақырып Айғайлауды тауыпты Қыт-қыт дейтін шақырған Кім біледі.....тауықты Ғажайып сәт: Бүгін бізге шұбар тауық қонаққа келген екен. Балалар шұбар тауықтың балапандары көгалға жайылып кеткен таба алмай жүр, сендер тауып бересіңдер ме? -Көгал дегеніміз шөбі бар, суы бар жайылым -Тауық бізге не береді? -Жұмыртқа -Тауық қандай дыбыс шығарады? -Қыт-қыт -Тауықтың етін, жұмыртқасын жейміз бе? -Иә -Балалар енді осы балапанды барлығымыз бірге саламыз; -Көк шалғындағы балапандар суретін өзі үзік сызықтарды қылқаламның ұшымен қосу арқылы салуды ұсынады. Қылқаламды бояуға батырып, ұшымен дөңгелек сызу арқылы балапан бейнесін салады. Тұмсықтарын ұшбұрышша сызады, аяқтарын түзу сызықтар арқылы салады. Сары түсті бояумен сызықтың сыртына шығармай бояйды. -Балаларға балапанды бояуда сары түсті пайдалану керектігіне бағыт беру Сергіту сәті Тауық тары жимапты Қамбасына құймапты Қыста тауық қақылдап Тары іздеп жүр тақылдап -Дайын болған балапанымызды, көгалға орналастырамыз. Тауық: Міне, менің енді балапандарым да табылды! Балалар, сендерге көп рақмет! Дидактикалық ойын: «Не қалай дыбыстайды?» -Әтеіш шақырады. -Тауық қыт-қыттады. -Балапан шиқылдайды. Оқу іс әрекеті сендерге ұнады ма? Балалардың жұмыстарын әр кезеңде мадақтап, үлгі етіп көрсету «Көңілді балапандар» Сергіту ойыны арқылы оқу қызметі қорытындыланады. Балапандар басады, Аяқтарын топ топ

	Топ топ. Топ топ. Аяқтары шаршаса, Қанаттарын қағады: Шарт!, Шарт! Шарт! Шарт! Содан кейін отырып, Әсем биді билейді. Шиқ! Шиқ! Шиқ! Шиқ! Олар қашса, егер де, Ұстай алмас, ешкім де.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Бояулармен ұқыпты жұмыстануды игерту
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Баланың сурет салуға қызығушылығын үй жағдайында сурет салу құралдарын пайдаландырып байқау керектігін айтып түсіндіру

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

3-апта 04.04-08.04.2022ж

Өтпелі тақырып: «Көктем келді,құс келді»

Апта тақырыбы: «Ғарышқа саяхат»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 07.04.2022ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	Аспан әлемін фланеграфқа орналастыру
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Көк аспан» Мақсаты: Балаларға ғарыш туралы түсінік беру, Үрлеу арқылы көпіршіктерден көк аспан бейнесін келтіре білу. Дәстүрден тыс сурет салуға деген балалардың ынталарын, белсенділіктерін дамыту. Шаттық шеңбері: Армысың, алтын күн! Армысың, ашық аспан! Сәлем баршаға, Сәлем досыма! Саусақ жаттығуы. Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес Енді санауды аяқтадық. (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз) -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгілі -Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады? -Күн жылынады, құстар жылы жақтан ұшып келеді, ағаштар бүршік атады. -Балалар көктем мезгілінде үш ай бар. Наурыз, сәуір, мамыр. -Бұл сәуір айында үлкен мереке бар. Ол Ғарышкерлер күні. Ғарышкерлер дегеніміз – олар ғарышқа, аспан әлеміне ұшатын адамдар. Аспан әлемінде көптеген ғалам бар. Ал, біздер жер бетінде өмір сүреміз. Ғарышкерлер ұшатын аспан әлемінің суретін саламыз -Үрлеу арқылы көпіршіктерден көк аспан бейнесін келтіре білу. -Мақталы таяқшалармен жұлдызшалар салу Ойын: «Зымыран-Ұшақ» Мақсаты: Балалардың есте сақтау, зейіндерін дамыту. Зымыран- қолымызды жоғару көтеріп, ш-ш-ш-ш-ш-ш дыбысын дыбыстаймыз; Ұшақ- қолымызды созамыз, с-с-с-с-с дыбысын дыбыстаймыз. Сурет салу жұмыстарын жалғастыру Қорытындылау: Тақырыпқа байланысты сұрақтар қойып алған білімдерін бекітеді. Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шаламын, Мен ғарышкер боламын! Тақырыпқа байланысты тақпақты үйде жаттап келу айтылады
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Бояулармен ұқыпты жұмыстануды игерту
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шаламын, Мен ғарышкер боламын! Балаларға жаттату керектігі айтылады.

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

4-апта 11.04-15.04.2022ж

Өтпелі тақырып: «Көктем келді,құс келді»

Апта тақырыбы: «Көктемгі ағаштар»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 14.04.2022ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	«Ағаштардың жапырағын орналастыр» ойыны
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Ағаштар бүршік жсарғанда» Мақсаты: Балалар көктем мезгілі туралы түсіне отырып, дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілімен, мақта таяқшасы арқылы ағаштарға бүршік салуды меңгерту. Шаттық шеңбері «Табиғат біздің анамыз» Жұмбақ жасыру Күн күлімдеп оянып, Сауле шапты сиқырлы Алуан түске боялып, Жердің беті құлпырады. (Қай мезгіл?). АКТ бойынша жұмыс «Орманға саяхат» Әңгімелеу Орманда неше түрлі өсімдіктер мен жануарлар бар. Қарны ашып аю да ұйқысынан оянып жатыр. Орманды көру үшін көздеріңді жұмыңдар. (балалардан көздерін жұмып отыруды сұрайды. Орман құстары сайраған таспаны қосады, арнайы жасалған ширманы қояды) Айтыңдаршы тұрғыны не Орманның қалың ең басты. Тіршілік жоқ оларсыз Білсеңдер тауып айтыңдаршы. (Ағаш) Біздің ағаштар жалаңаш тұр екен. Ағаштарға тез жапырақ шығуы үшін ең алдымен бүршігін саламыз. -Бүршік салу үшін мақталы таяқшаны пайдаланамыз. -Балалардың өзіндік жұмыстары -Бәрекелді, балалар. Барлық ағашқа бүршік салдыңдар. -Ағаштар бізге не үшін қажет? Иә, ағаштар-біздің қорғанымыз, біздің ауамызды тазартады, жерімізді көріктендіреді, бізге сая береді. Біз оларды қорғап, күтуіміз қажет. Ал енді барлығымыз дәнге айналайық. Кіп-кішкентай тұқымбыз, (бүктеліп отырады) Жылыны жақсы көреміз, (бастарын сипайды) Көктем шыға тұрамыз. (орындарыан ұрады) Жер бетіне шығамыз. (жан-жағына қозғалады) Жайып жасыл жапырақ, (қолдарын екі жаққа жаяды) Бүршікті біз ашамыз. (Кең құшақ жаяды) Оқу қызметін ойын арқылы қорытындылау: «Ағашта не тұрады?» дидактикалық ойыны. -Балалар, біз сендермен серуенге шыққанда ағашты үнемі бақылап жүреміз. Міне, көктем де келді. Қалай ойлайсыңдар ағашты мекен ететін жануарлар мен жәндіктер тағы пайда болды ма екен. Олар нелер еді, есімізге түсірейікші. Қайсы қайда тұрады? Көрдiңдер ме балалар егер ағаш болмаса қаншама тіршілік иелері үйсіз қалайын еді.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Балалардың сұрақтарға дұрыс жауап берілерін назарға алу
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Балалардың бір күнде алған білімі туралы ата-аналарды хабардар ету

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

1-апта 18.04-22.04.2022ж

Өтпелі тақырып: «Көктем келді,құс келді»

Апта тақырыбы: «Жер Ана»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 21.04.2022ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	Д/Ойын: «Сәулелерді орналастыр»
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Шағылысқан күн сәулесі» Мақсаты: Балаларға алақанмен саусақтар көмегімен күн бейнесін салу әдісін үйрету. Саусақ қимыл қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Бояумен ұқыпты жұмыстану Жылулық шеңбері: Алтын таңның шуағы Бақыт үшін туады Қайырлы таң достарым Жарық күннің тұрағы! Балаларға бүгінгі күннің қандай тамаша екені, күн нұрын аямай төгіп тұрғаны, күн барлығына қуаныш әкелетіні-жапырақтар жасай қалып, құстар сайрап, жан-жануар атаулы тіршілік қамына кірісіп, балалар көтеріңкі көңіл күйде болатыны жайлы әңгімелейді. -Ал біздің ойыншықтарымыздың күн сайын далаға шығып, күннің көзін көретін мүмкіндіктері жоқ. Олардың көңілдерін көтеріп, күзгі күн сәулесімен жылынуына көмектесеміз бе? Балаларға жұмбақты шешкізу Ақ сандығым ашылды Ішінен жібек шашылды? Ол не балалар? (Күн) -Ендеше бәріміз Жарқыраған күн сәулесін бейнелеп, ойыншықтарымызға сыйлайық Жұмыс бастамас бұрын бойымызды сергітіп алайық. Сергіту сәті: Ал балалар тұрамыз, Айналаны шоламыз. Күн нұрындай жарқырап, Жер бетіне қонамыз. Балалар біз бүгін алдарыңда тұрған бояулардың сырын ашамыз. Үлгі сурет бойынша балаларға сурет салу ретін көрсетіп, түсіндіру; Сары домалақтарға қарандаштың көмегімен түзу сызықтар арқылы күннің сәулесін жасап, күннің шағылысқан бейнесін жасаймыз. -Қиналған балаларға жеке бағыт-бағдар беріледі. Ойыншықтардың атынан балаларға «рақмет» айту. Қорытындылау: Балалардың еңбегін мадақтап, толық топтың жарық болып кеткенін, мұндай жарық жерде ойыншықтар да көңілді болатынын айту
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Сурет салу барысында балаларға бағыт беру
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Балалардың салған суретін Шығармашылық орталыққа көрме қылып орналастырғанын айту

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

2-апта 25.04-29.04.2022ж

Өтпелі тақырып: «Көктем келді,құс келді»

Апта тақырыбы: «Аялайық-гүлдерді»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 28.04.2022ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	«Кім жылдам?» Шарты: Балалар екі топқа бөлініп, гүлдерді құрастырады.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Гүлдің сабағын сал» Мақсаты: Балаларға өздеріне берілген әртүрлі гүл бейнесіне жасыл түсті пайдалана отырып, сабағын салып, түстерін ажырата білуге үйрету. Шаттық шеңбері! Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғаймыз. Әдепті де, тәртіпті боп. Жақсылығын қолдаймыз. Жұмбақ: Тегіс тасқа да, Жұмсақ жерге де Терең жайып тамырын Жайқалып ол өседі. (Гүл) -Қазір жылдың қандай мезгілі? -Көктем мезгілінде қандай мерекелер бар? (Есік қағып, бағбан кіріп келеді) Бағбан: -Сәлеметсіздер ме, балалар! Мен бағбанмын. Балалар, мен гүлдерді өсіремін, суарамын, қопсытамын, гүлге су себемін, сүлгімен шаңын сүртемін. Осының барлығын бір сөзбен айтқанда мен гүлдердің әдемі болып өсуін қадағалаймын. -Балалар сендер бүгін ненің суретін саласыңдар? -Балалар гүлдердің сабағын салады -Балалар, қандай керемет менде сурет салғанды жақсы көремін. Сендермен бірге сурет салуға рұқсат бересіңдер ме? -Балалар, мына суреттен нені көріп тұрсыңдар? -Ендеше үлгіге қарап гүлдің сабақтарын жасыл түсті пайдаланып саламыз -Әрбір бейнеленген гүлдің суретіне мақталы таяқшамен сабағын суреттеу. Сергіту жаттығуы Гүл болып өсеміз Гүл болып ашыламыз Гүл болып жайқаламыз Гүл болып жабыламыз -Балалардың суретті аяқтауларын қадағалау Бағбан: -Балалар сендермен сурет салған өте қызық, бірақ маған үйге бару керек. Гүлдерге су құятын уақыт жетіп қалды. Сау болыңдар, балалар! Ойын арқылы оқу қызметі қорытындыланады: «Көбелектер» Шарты: Балалар «көбелектер» ұшты дегенде, ұшады. «гүлге қонды» дегенде гүлге қонады.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Сурет салу барысында балаларға бағыт беру
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Балалардың салған гүл суретін беріп жіберіп, балаларының сыйлығына құрметпен қарау керектігін айту

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

3-апта 02.05-06.05.2022ж

Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін!»

Апта тақырыбы: «Достық біздің тірегіміз»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 05.05.2022ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	Тапсырма бойынша суреттер қарайды.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Ашық аспан астында» Мақсаты: Достық мерекесі туралы түсінік бере отырып, мерекеге байланысты асфальтқа еркін сурет салғызып, мерекеге деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Қиялдау қабілеттерін арттыру. Шаттық шеңбері Армысың досым, Кел маған қосыл. Шеңберге бірге тұрайық Жер шарын айналып, Әлемге жарық ұқсайық Қолымызды көтеріп, Күннің нұрын алайық Ортамызда күн нұры, Құшаққа оны алайық. Сурет арқылы әр ұлттардың киімдерімен таныстыру. Балалар, осы ұлттардың барлығы да Қазақстанда тұрады. Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Олар өз елдерінде болмаса да, Қазақтардың елін-елім деп, жерін-жерім деп, құрметтеп өмір сүруде. Әлем халықтарының тату – тәтті бейбітшілікте, ынтымақтастықта өмір сүріп отырғаны біздің қазақ елінің арқасы және олар мұны түсініп, жақсы біледі. Сол себепті біздің елімізді қадір тұтып, құрметтейді. Сергіту сәті: Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттың баласы, Достығымыз жарасқан. (өлеңге сәйкес қимылдар жасайды) -Балалар біз сурет салу оқу қызметінде қандай құралдарды пайдаланамыз? -Бүгінгі оқу қызметінде асфальтқа түрлі-түсті борлармен «Імамыр» мерекесіне байланысты өз қалауларыңызбен сурет саласыздар. Оқу қызметі балалардың педагог жетекшілігімен жер шарына қағаздан қиылған алақандар жапсырып, дөңгелене тұрып, «Аспанымыз ашық болсын» сөзін айтуымен қорытындыланады.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Асфальтқа қандай, ненің суретін салу керектігін айтып бағыт беру
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Балалардың асфальтқа салған суреттерін балаларды бөбекжайдан алып кету уақытында көрсетіп, тамашалату

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

4-апта 09.05-13.05.2022ж

Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін!»

Апта тақырыбы: «Отан қорғаушылар»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 12.05.2022ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	Тапсырма бойынша суреттер қарайды.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Мерекелік от шашу» Мақсаты: Отан қорғаушылар мерекесі туралы түсінік қалыптастыру, қызығушылықтарын арттыра отырып отшашу суретін салуды үйрету Көңіл күйге байланысты тренинг жаттығуы -Балалар күннің көзі күлімдеп, аспанымыз жарқырап, әсем көркем еліміз бар. Бұл қай ел, деп ойлайсындар? -Қазақстан елі -Біздің туған ауылымыз қалай аталады? -Тайпақ ауылы Слайд «Туған өлкеге саяхат» Слайдтан ауылымыздың мекемелерін, көшелерін, тойланып жатырған мерекелерді көреді -Мына суреттегі ауылымыздағы ерекше мерекеге тоқталайықшы. Бұл қай мереке деп ойлайсындар? -Балалар жауаптары тыңдалады - 9- мамыр Ұлы жеңіс күні. Бұл күн балалар біздің жадымызда мәңгі сақталмақ. Себебі біздің ата-бабаларымыз Отаны үшін елімізді, жерімізді қорғады. Балаларға 9-мамырда тойланған мереке, ондағы аспанға от шашу атылғанын, қай мереке аяқталғанда, түнде аспанға от шашу атылатынын айтады. Бүгінгі оқу қызметінде «Мерекелік от шашуды» бейнелейтінін айту -«От шашу» суретін көрсетеді. - Сурет салу әдіс-тәсілдерін көрсетеді, үйретеді. -Қажетті құралдармен ұқыпты жұмыстана отырып, «от шашуды» бейнелейді. Сергіту сәті Жаза-жаза саусағым Әлсіреді шаршады. Оңға, солға бұрамыз, Сосын қайта жазамыз. Балалар тапсырмаларын аяқтап, тапсырады Д/о «Түстерді ата» Шарты: Әр бал алап отшашу суретін салғанда қандай түсті пайдаланғанын айтады Қорытындылау: Екі көзін не үшін керек? Жақсыларды көру үшін Құлақ деген не үшін керек? Ақыл-кеңес тыңдау үшін Екі қолың не үшін керек? Елге көмек беру үшін! Үлкен болып өскенде елімізді қорғайтын, елге көмек беретін азамат болайық деп оқу қызметі қорытындыланды
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Сурет салуға қабілеті жай балаларға көмек беру
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Баланың әр оқу қызметіндегі жұмыстарымен ата-аналарды қуандырып отыру.

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

1-апта 16.05-20.05.2022ж

Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін!»

Апта тақырыбы: «Табиғаттың гүлденуі»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 19.05.2022ж
	«Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	Көктем мезгілінің суретін фланеграфқа орналастырады
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр» Мақсаты: Балаларға табиғаттың гүлденуіне жаңбырдың тигізетін пайдасы туралы түсінік беру. Табиғат әсемдігін ақ парақ қағазда бейнелету арқылы шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру Шаттық шеңбері. Арайланып таң атты, Шуақтанып күн шықты. Достарымды көргенде, Қуанамын мен күнде. Жұмбақ жасыру Тырс-тырс тамады, Тереземді қағады. (Жаңбыр) -Бүгін күн қандай? Ашық па? Бұлтты ма? Жаңбыр жауып тұр ма? Балалар, күн бұлттанса, жаңбыр жауады. -Жаңбыр жауғанда қандай дауыс естіледі? -Кәне тыңдап көрейік. -Қалай тамып тұр екен? Балалар үстел үстін саусақтарымен тысырлатып, жаңбыр дыбысын бейнелейді. -Ой жаңбыр қалай қатты құйып жауып кетті. Енді екі алақандарыңды тізелеріңе қойып, шапалақтап көріңдер. Балалар аяқтарын тарсылдатып дыбыс шығарады, бұл жаттығулар балаларға жағымды көңіл күй сыйлайды. Көркем сөз оқу. Жауын-жауын жауады, Бәрін суға малады. Біз қарындаш аламыз, Тамшыларды саламыз. -Ақ парақ қағазға мақталы таяқшамен жаңбырды бейнелейді -Жоғарыдан төмен қарай жауатынын айтады; -Жаңбыр бұлттан пайда болады, ең бірінші бұлтты салу керектігі түсіндіріледі; -Балалардың өз бетімен жұмыстары Балалардың жұмыстары аяқталғаннан кейін, «Күн мен жаңбыр» ойыны ойнатылып оқу қызметі қорытындыланады
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Сурет салуға қабілеті жай балаларға көмек беру
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Баланың әр оқу қызметіндегі жұмыстарымен ата-аналарды қуандырып отыру.

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

2-апта 23.05-27.05.2022ж

Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін!»

Апта тақырыбы: «Көктемгі егістік»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 26.05.2022ж «Балдәурен» ортаңғы тобы
ҰОҚ дайындық	Егіс алқаптары бойынша слайдтан алдын ала көреді
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Бидай масақтары» Мақсаты: Балаларға дәнді дақыл түрлері туралы түсінік беру. Сопақша, дөңгелектерді қолдана отырып, бидай масақтарын салуды үйрету. Суреттің мазмұнын бере білуді игерту. Шаттық шеңбер Қолымызды созайық, Күннен шуақ алайық. Қуанайық, күлейік. Шаттанып, біз жүрейік. Жұмбақ шешу. Ұзын мұртты сарылар, Қойнында наны бар. (Бидай) Аласа терек, Алпыс бұтақ, Бұтақ сайын ұя, Ұя сайын жұмыртқа. (Масақ) Бүгін біз бидайдың масағы туралы мәлімет аламыз. Мынау бидайдың масағы. Бидай азық-түлік дақылы. Оның дәні, кебезі, сабаны құнарлы мал азығы. Бидандан біз көптеген тағам түрлерін дайындаймыз. Ол бізге үлкен еңбекпен келеді. Бидайды өсіріп, баптап өсіретін адамды диқаншы дейміз. Суретпен жұмыс жасау. Мына суреттен не көріп тұрсыңдар? Адамдар бидайды жинап жатыр. Бидайды егіс алқабынан жинап, қоймаға апарады. Бидайды қауызынан тазартып, одан ұн алады. Ұннан түрлі өнімдер жасаймыз. Олар: Нан, макарон, кондитерлік тағамдар. Нанды наубайханада пісіреді. Сергіту сәті. Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. -Балалар ендеше бидайдың масағын сопақша, дөңгелек пішіндер арқылы суретін салайық. -Балалар өз бетімен суреттерін салады Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау -Бидай қайда өседі? -Бидайдан не аламыз? -Ұннан не аламыз? Жақсы қатысқан балаларды мадақтау.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Сурет салуға қабілеті жай балаларға көмек беру
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Сурет салу оқу қызметінен жыл бойғы алған білімдері, деңгейлері туралы ата-аналармен әңгімелесу